Бекітемін"

МКҚК "Айгөлек"бөбекжай-балабақша меңгерушісі

____________М.С.Кужакова

"__31__"__08______2023 ж

# «АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫНЫҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ АСЫРУДА ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ОРТАҢҒЫ ОРЫС ТОБЫНА ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН 2023- 2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

| Қыркүйек айы. 2023 ж Өтпелі тақырып: «Балабақша» | | | |
|---|---|---|---|
| **Апталық тақырып:** | **Тақырыбы** | **Мақсаты** | **Мерзімі** |
| «Менің балабақшам» | Менің балабақшам. | Балабақша және оның қызметкерлерінің еңбек әрекеттері туралы білімдерін жетілдіру. Балабақша қызметкерлердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу | 5.09.2023 |
| «Менің достарым» | Тазалық-таза баланың досы. | Тазалық бұйымдарымен таныстыру; сүлгі,сабын сөздерін қатыстырып, 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыра білуге үйрету, балаларды таза жүруге үйрету, балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа баулу. | 12.09.2023 |
| «Менің сүйікті ойыншық тарым» | Менің сүйікті ойыншығым | Балаларға ойыншықтар туралы және олардың пішіндері, түстері туралы түсінік беру . Ойыншықтардың неден жасалғанын айта отырып, аттарын дұрыс атай білуге үйрету. | 19.09.2023 |
| «Жиһаздар» | Жиһаздар | Жиһаздар туралы алған білімдерін толықтыру. | 26.09.2023 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Дидактикалық ойын ойнату арқылы зейіндерін,логикалық ойларын дамыту. Тұрмыстық заттарды ұқыпты ұстауға баулу. | |

**Қазан айы. 2023 ж Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»**

| **Апталық тақырып:** | **Тақырыбы** | **Мақсаты** | **Мерзімі** |
|---|---|---|---|
| «Менің отбасым, ата-аналар еңбегі» | **Менің отбасым** | Отбасы туралы түсінік беру және отбасы мүшелері туралы ойын анық жеткізіп, әңгімелей білуге үйрету. | 3.10.2023 |
| «Менің көшем» | Біз тұратын көше | Байланыстырып сөйлеу дағдыларын үйрету. Дұрыс анық сөйлеу қабілет терін дамыту. | 10.10.2023 |
| «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» | «Абайла, балақай!» | Балаларға көшедегі қауіпсіздік туралы мультфильм көрсету. | 17.10.2023 |
| «Алтын күз» | **Алтын күз** | Күз туралы білімдерін дамыту. Күз туралы тақпақтар айта отырып баланың сөйлеу тілін дамыту. | 24.10.2023 |

**Қараша айы. 2023 ж Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»**

| **Апталық тақырып:** | **Тақырыбы** | **Мақсаты** | **Мерзімі** |
|---|---|---|---|
| "Өзім туралы» | Мен кіммін? | Өзі туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; өзін құрметтеуге және өзінің «мен өзім» деген дербестігін нығайту,өзін құрметтеуге тәрбиелеу. | 7.11.2023 |
| «Дұрыс тамақтану. Дәрумендер» | «Жемістер жыры» Рза Құнақова | Өлеңді тыңдай білуге, қайталап айтуға үйрету. Жемістерді (алма, өрік, қара өрік, шие) атау барысында балалардың сөздік қорын жетілдіру. | 14.11.2023 |
| "Өзіңе және өзгелерге көмектес" | Қуыршақты шомылдырайық» | Балаларды қуыршақ пен ойнай отырып сөйлеуге, дене мүшелерін атауға үйрету. | 21.11.2023 |
| «Біз күштіміз, ептіміз» | «Шалқан» (орыс халық ертегісі) Саусақ театры арқылы сахналау. | Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарын қызығушылықтарын қалыптастыру. | 28.11.2023 |

**Желтоқсан айы. 2023 ж** **Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»**

| Апталық тақырып: | Тақырыбы | Мақсаты | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| «Жайнай бер, Қазақ-станым!» | Менің Қазақстаным | Балаларға отан, Тәуелсіз Қазақстанымыз жайлы мағлумат беру. Отанын,елін шексіз сүюге тәрбиелеу, еліміздің рәміздерін құрметтеуге баулу. | 5.12.2023 |
| «Туған өлкем» | Туған өлке | Туған өлке туралы мәлімет беру. Туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту | 12.12.2023 |
| «Астана-Отанымыздың жүрегі» | «Астана-бас қалам» | Астана туралы білімдерін қалыптастыру. Өз елінің рәміздеріне құрметпен карауға тәрбиелеу. | 19.12.2023 |
| «Тәуелсіз Қазақстан – ел тірегі!» | Біздің Рәміздер | Мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін кеңейту, берілген сұрақты тыңдау және оны түсіне білуді жетілдіру. | 26.12.2023 |

**Қаңтар айы. 2024 ж** **Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»**

| Апталық тақырып: | Тақырыбы | Мақсаты | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| "Айналамыздағы өсімдіктер" | «Ғажайып қыс» | Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. | |
| «Жануарлар әлемі» | «Менің сүйікті жануарларым» | Үй жануарлары мен оның төлдерімен таныстыру. Атауға үйрету. | |
| «Құстар-біздің досымыз» | «Қыстап қалатын құстар» | Балаларға қыстап қалатын құстар жайында түсінік беру. Олардың тіршілігі туралы ұғымдарын бекіту. Қыс мезгілі құстар тіршілігінің ауыр кезеңі екенін түсіндіру. | |
| «Ғажайып қыс» | «Сырғанақ» | Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қыс мезгіліндегі ойын түрлерімен таныстыру. Өлең жолдарын оқи отырып, қандай ойын түрі суреттелгенін түсіндіру | |

**Ақпан айы. 2024 ж Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»**

| **Апталық тақырып:** | **Тақырыбы** | **Мақсаты** | **Мерзімі** |
|---|---|---|---|
| «Ғажайыптар әлемі» (Өлі табиғат құбылыстары) | «Көңілді қыс. Ш. Мұхамеджанов.Сенің өмірің – сиқырлы әлем кітабынан» | Өлең жолдарын мәнерлеп оқи отырып, балаларға мағынасын түсіндіру. Қойылған сұрақтарға жауап бере білуге дағдыландыру | |
| «Көліктер» | «Көліктер» | Балаларға көліктер туралы білім беру. Атауларын дұрыс атауға үйрету | |
| «Электроника әлемі» | Электроника деген не? | Балалардың үй тұрмысындағы заттарды, олардың қасиеттерін- қарапайым пішінін, көлемін танып атауға үйрету | |
| «Мамандық-тың бәрі жақсы» | «Бұл мұғалім апай» әңгіме | Балаларға мұғалім мамандығы және оның қай жерде жұмыс жасайтыны туралы түсінік беру. Әңгіменің мазмұнын түсіндіру. | |

**Наурыз айы. 2024 ж Өтпелі тақырып «Салттар мен фольклор»**

| **Апталық тақырып:** | **Тақырыбы** | **Мақсаты** | **Мерзімі** |
|---|---|---|---|
| «Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері» | **Қуыршақ Айарудың камзолы** | Ұлттық киім ерекшеліктерімен таныстыру. Балаларды әңгімелеуге үйрету Қуыршақ, бізге қонаққа келді»(ойыншықты суреттеу арқылы әңгіме құрау) | |
| «Ертегілер елінде. Театр әлемі» | **«Қасқыр мен жеті лақ»** | Балаларды ертегі тыңдауға және әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарына талдау жасауға үйрету | |
| «Өнер көзі-халықта» | Әдемі қазақ үй | Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен және тұрмыстық заттармен таныстыру. | |
| «Нұр төккен, гүл көктем» | Шуақты көктем | Көктем мезгілі туралы балаларға түсінік беру. Көктем мезгілінің табиғат құбылыс-тарын түсіндіру | |

**Сәуір айы 2024 ж. Өтпелі тақырып «Біз еңбекқор баламыз»**

| Апталық тақырып: | Тақырыбы | Мақсаты | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| «Аялайық гүлдерді» | «Өсімдіктер әлемі» | Көктем мезгіліндегі өсімдіктердің тіршілігі туралы, орманда, бақшада, далада өсетін өсімдіктер туралы білімдерін қалыптастыру. | |
| «Ас атасы-нан» | Қайдан келдің бауырсақ? | Балалардың нан туралы түсінік беру. Сурет бойынша ертегінің мазмұнын әңгімелеу. Нанды қадірлеуге тәрбиелеу. Балалның сөйлеу мәнерін қалыптастыру | |
| «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі» | «Ормандағы жәндіктер» | Жәндіктер (қоңыз, көбелек, шыбын,құмырсқа) туралы түсінік беру. | |
| «Еңбек бәрін жеңбек» | «Жуа отырғызу» | табиғат бұрышындағы өсімдіктерге қамқорлық жасауға, еңбек етуге тәрбиелеу | |

**Мамыр айы 2024ж. Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін!»**

| Апталық тақырып: | Тақырыбы | Мақсаты | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| «Достық-біздің тірегіміз» (Халықтар достығы) | Менің достарым. | Балаларды бір-бірімен тату болуға, мейрімді болуға үйрету. Дамытушы ойындар арқылы әртүрлі тапсырмаларды орындай отырып,сөздік қорларын молайту, ой-өрісін дамыту. | |
| «Отан қорғаушылыр» (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері) | Біз Отанды қорғаймыз | Отан қорғаушылар туралы түсінік беру, сөйлеу мәнерін сақтауға, сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыруға үйрету, тақырыпқа сәйкес қысқа өлең жаттату. | |
| «Көңілді жаз» | Ж.Молдағалиев «Жаз» жаттау | Жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту. Сөз қорын дамыту. Жаз, ауыл, жайлау туралы түсіндіру. | |
| «Мен жасай аламын» | Мен табиғатты бақылай аламын | :Табиғат дыбы-сын, яғни судың сылдырын, желдің , жаңбырдың дыбы-сын және жануарлардың дауыстарын ести білуді үйрету.Табиғат құбылы-сының болу себептері туралы түсінгендерін қалыптастыру.Табиғатқа қамқор болуға баулу. | |

*«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы*

*Оқу қызмет түрі:* *Қазақ тілі*

*Өтпелі тақырып:* *«Балабақша»* *Апталық тақырып:* *«Менің балабақшам»*

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **Менің балабақшам** | |
| **Күні: 5.09.2023** | **Қыркүйек** | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | *Балабақша және оның қызметкерлерінің еңбек әрекеттері туралы білімдерін жетілдіру. Балабақша қызметкерлердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.* | |
| **Күтілетін нәтиже:** | *Балабқша туралы түсінеді. Балабқшадағы қызметкерлерді атай алады.* | |
| **Тілдік мақсат:** | *Создік жұмыс: медбике, аспазшы, пісіреді, ойнайды, жуады.* | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | *Қайталау сұрақтар арқылы өткенді естеріне түсіру.* | |

**ҰОҚ өтілу барысы**

| *Жоспарланған уақыт* | *Жоспарланған іс-әрекет* | *Ресурстар* |
|---|---|---|
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***1.Шаттық шеңбер***<br>*Күлім қағып қолымды,*<br>*«Бір, екі, үш» деп соғайын.*<br>*Қарап тұрған көршіме,*<br>*Қолымды мен бұлғайын.*<br>*Жылы-жылы сөзбенен,*<br>*Жүрегімді сыйлайын.*<br>*Сұрақ- жауап*<br>*Қазір қандай мезгіл?*<br>*Балабқшаға қалай келдіңдер?* | |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***2. Топқа бөлу әдісі.***<br>*Суреттер арқылы топқа бөлу.*<br>*1-топ Тәрбиешлер тобы*<br>*2-топ Дәрігерлер тобы.*<br>***3. АКТ мен жұмыс.***<br>*Ал, балалар, енді слайдтағы суретке қараңдаршы.*<br>*(жетелеуші сұрақтар)*<br>*1-топ Тәрбиешлер тобы сұрақ:*<br>*-Балалар балабақша дегеніміз не?*<br>*-Балабақшамыздың аты қалай аталады?*<br>*-Балабақшада біз не істейміз?* | *Қуыршақтар, ғажайып қорап пен сиқырлы сандықша. Суреттер.,* |

| | | |
|---|---|---|
| | *2-топ Дәрігерлер тобына сұрақ:*<br>*-балабақшада кімдер жұмыс жасайды?*<br>*-Аспазшы апайдың қызметі қандай?*<br>*- Дәрігер апайдың қызметі қандай?*<br>*Балаларды мадақтау. Жұлдызша тарату.*<br>***Тосын сәт.***<br>*Қуыршақтар келеді.*<br>*Балалар,қарандаршы қонаққа бізге кім келді?*<br>*Бірақ олар көңілсіз көрініп тұр. Оларға не болғанын сұрайық?*<br>***Қуыршақтар:*** *Біз қашанға дейін сөреде отыра береміз?*<br>*Ойнағыларымыз келеді, балабақшаға барғымыз келеді, бірақ балабақша не екенін де білмейміз.*<br>***Балаларға ашық сұрақтар қою.***<br>*-Сендер балабақшада не істейсіңдер?*<br>*-Ал сендерге балабақшаға баруға ұнайды ма?*<br>*-Балалар апайлар сендерді неге үйретеді?*<br>*Мадақтау. Ж жұлдызша тарату.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Орнымыздан тұрайық,*<br>*Қолды белге қояйық*<br>*Аяқ пенен қолдарды*<br>*Біз жаттықтырып алайық*<br>*Бұрыламыз оңға бір,*<br>*Бұрыламыз солға бір,*<br>*Енді бірге бәріміз*<br>*Орнымызға отырамыз.*<br>***Қуыршақтар:*** *Қорапшаны шашып алып балалардан көмек сұрайды.*<br>***Дидактикалық ойын:*** *«Құралдарды ажырат»*<br>***Мақсаты:*** *балалар қорапшадаға заттарды алып, аттарын айтады.*<br>*Аспазшы және медбикенің құралдарын ажыратып реттеп қояды.*<br>*Балаларды мадақтау. Жұлдызша тарату.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия*** *.........минут* | ***Қорытындылау :***<br>*Қуыршақтар балалармен рахмет айтып қоштасады.*<br>*Бас бармақ әдісі.* | |

*«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы*

***Оқу қызмет түрі:*** *Қазақ тіл*

***Өтпелі тақырып:*** *«Балабақша»* ***Апталық тақырып:*** *«Менің достарым»*

| | | | |
|---|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | *Тазалық-таза баланың досы.* | | |
| ***Күні: 12.09.2023*** | *Қыркүйек* | | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы*** | | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Тазалық бұйымдарымен таныстыру; сүлгі,сабын сөздерін қатыстырып, 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыра білуге үйрету, балаларды таза жүруге үйрету, балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа баулу.* | | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Тазалықтың пайдасы туралы түсініктері қалыптасады.* | | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Менің достарым- мои друзья, дос –друг.***<br>***Пікір алмасу сұрақтары*** | | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Балабақша туралы сұрақтарға көпшілік балалар жауап береді.* | | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***1.Шаттық шеңбер***<br>***Е. Өтетілеуұлы***<br>*Бала,бала,баламыз*<br>*Бақшамызға барамыз*<br>*Күні бойы қызыққа*<br>*Батамыз да қаламыз*<br>*Біз баламыз шыныққан,*<br>*Денсаулығы мықты жан.*<br>*Өлең жолдарына түсінік беру.*<br>*Өлең не туралы айтылған сұрақ-жауап* | | |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***2.Акт технологиясы.***<br>***Ой дамыту***<br>***Суретпен жұмыс*** | | *Достық туралы суреттер, ойындарға арналған көрнекі құралдар* |

| | | |
|---|---|---|
| | <br>Екі баланы салыстыру.<br>**Дидактикалық ойын:** «Таза болу үшін не керек?»<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Таңертең тұрамын<br>Бетімді жуамын,<br>Тап-таза боламын.2рет<br>**4.Ойын: «Қуыршақты жуындрайық»**<br>Заттарды шығарып көрсетіп, аттарын балалардан сұрап,қайталату.<br>(сабын,сүлгі,тарақ) | |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия**<br>………минут | **Қорытынды.**<br>**Өлең жолы арқылы қорытындылау.**<br>Сылдырлайды мөлдір су<br>Мөлдір суға қолыңды жу<br>Жуынсаң сен әрдайым<br>Аппақ бетің, маңдайың<br>Тазалықтың досы<br>Су дегенің осы<br>Балалармен бірге қимыл арқылы қайталау.<br>Балаларды мадақтау | |

*«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы*
***Оқу қызмет түрі:*** *Қазақ тілі*
***Өтпелі тақырып:*** *«Балабақша»* ***Апталық тақырып:*** *«Менің сүйікті ойыншықтарым»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | *Менің сүйікті ойыншығым* | |
| ***Күні: 19.09.2023*** | ***Қыркүйек*** | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Балаларға ойыншықтар туралы және олардың пішіндері, түстері туралы түсінік беру .*<br>*Ойыншықтардың неден жасалғанын айта отырып, аттарын дұрыс атай білуге үйрету.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *ойыншықты сипаттауды, ойыншық туралы түсінікті біледі.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Ойыншық –игрушка*<br>***Сөздік жұмыс:*** *Рензиа, пласмасса, ағаш* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Көпшілік балалар достық туралы қазақша сұрақтарға жауап береді.* | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Психологиялық сәт.***<br>*Мен әдемімін,*<br>*Менің достарым әдемі.*<br>*Менің шашым әдемі,*<br>*Досымдікі одан да әдемі.*<br>*Менің қолым әдемі,*<br>*Досымдікі одан да әдемі.*<br>*Біз әдеміміз (қолдарын түйістіріп жоғары көтеру)*<br>*-Иә, балалар бүгін бәрің әдемі екенсіңдер.*<br>***Тәрбиеші:*** *Балалар саяхатқа шыққанды ұнатасыңдар ма?* | |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***ІІ. Тосын сәт.***<br>*Осы кезде Айгүл жылап келеді ойыншығын жоғалтып алып.*<br>*Тәрбиеші: Балалар Ақзереге көмектесеміз ба ойыншығын тауып беруге және ойыншығын табу үшін өзімізбен бірге саяхатқа алып шығамыз ба?*<br>***Саяхат поездбен.***<br>*ойыншықтар әлеміне саяхатқа жол тартайық.* | ***ойыншықтар, үлестірмелі материалдар көрнекіліктер*** |

| | | |
|---|---|---|
| | ***III. Ой дамыту.***<br>*Үш столда ағаштан, резеңкеден және пластмасса жаслған ойыншықтар.*<br>*мен шүберектен жасалған ойыншықтар тұрады.*<br>***1-Стол***<br>*Ойыншықтардың жайменден бетін ашу және Айгүлдің*<br>*ойыншығын іздеу.*<br>***Сұрақ-жауап.***<br>*мынау қандай ойыншық?*<br>*Түсі қандай? Пішіні қандай? Неден жасалған? Айгүл осының ішінде сенің ойыншығың бар ма?*<br>***Айгүле:*** *Көре алмай тұрмын өз ойыншығымды.*<br>*Балалар: Бұл доп. Пішіні дөңгелек. Резеңкеден жасалған. Түсі сары.*<br>*Жарайсыңдар, ендеше мына столдағы ойыншықтарды көрейік. Мынау қандай ойыншық? Пішіні қандай? Неден жасалған? Түсі қандай? Айгүл осының ішінде сенің ойыншығың бар ма?*<br>*Айгүл:Мына ойыншықтардың ішінен таба алмадым.*<br>*Балалар: Домбыра. Сопақ пішінді. Ағаштан жасалған.Сары. Сандық. Төрт бұрышты. Ағаштан жасалған. Түсі көк.*<br>***Үшінші столды қарайықшы***<br>*Балалар мынау қандай ойыншықтар? Неден*<br>*жасалған? Түстері қандай? Айгүл осының шінде сенің ойыншығың бар ма?*<br>*Айгүл: Алақай, менің ойыншығым табылды.*<br>*Мынау менің ойыншығым. Балалар рахмет сендерге ойыншығымды табуға көмектескендеріңе.*<br>*Балалар: Машина, қуыршақ. Машина темірден жасалған қатты. Қуыршақ шүберектен жасалған жұмысақ.*<br>***Тәрбиеші:*** *Жарайсыңдар балалар әр түрлі ойыншық түрлерін көрдік. Бұлар жай ойыншықтар емес сиқырлы ойыншықтар. Ендеше балалар ойыншықтар түрлерін көрдік, сипаттама бердік. Енді ойыншықтар туралы тақпақтарымызды айтайықшы.*<br>***Тақпақ Ойыншықтар***<br>*Біздер де бар қуыршақ*<br>*Бұзау, қозы ,құлыншық*<br>*Ойыншықтар тыңдайды*<br>*Емес олар ұрыншақ*<br>***Саяхаттан қайту.*** | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***III. Қортынды***<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

*ирау*

*«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы*

***Оқу қызмет түрі:*** *Қазақ тілі*

***Өтпелі тақырып:*** *«Балабақша»* ***Апталық тақырып:*** *«Жиһаздар»*

| | | | |
|---|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***Жиһаздар*** | | |
| ***Күні: 26.09.2023*** | ***Қыркүйек*** | | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** | |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Жиһаздар туралы алған білімдерін толықтыру. Дидактикалық ойын ойнату арқылы зейіндерін,логикалық ойларын дамыту. Тұрмыстық заттарды ұқыпты ұстауға баулу.* | | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Жиһаздар туралы түсініп ойындарды орындау барысында жиһаздардың орнын анықтай алады.* | | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Жиһаз - мебель* | | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Өткен ұоқ өойылған сұрақтарға педагогтың көмегімен жауап бере алады.* | | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбер***<br>*Достарымның барлығын,*<br>*Сыйлап, жақсы көремін.*<br>*Алақаным арқылы*<br>*Жылуымды беремін.*<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>***Жұмбақ:***<br>*-Төрт аяғы болса да,*<br>*Етік киіп көрмеген.*<br>*Жалқаулығы соншама,*<br>*-Аттап шықпас бөлмеден.* ***(үстел)***<br>*-Кеш батты,шаршадың сен, ұйқың келді.*<br>*Ұйқы бөлмеде күтіп тұр ол сені.* ***(керует)*** | | |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс*** | ***Ой дамыту.***<br>*Жиһаздар туралы түсінік беру.*<br>*-Жиһаздар не үшін керек?* | | *Жиһаздар суреттері* |

| | | |
|---|---|---|
| *.......минут* [1] | *-Олар неден жасалады?*<br>*-Қандай жиһаз түрін білеміз*<br>*Балаларды топқа бөлу.*<br>***1-топ.****«Жиһазды құрастырамыз»*<br>***2-топ.*** *«Артық затты тап»*<br>*Шарты: берілген суреттердің ішінен жиһаздан артық затты тауып қоршау.*<br>***3- топ. «Көлеңкесін тап»***<br>*Шарты: берілген жиһаздардың көлеңкесін тауып орналастыру және оны атау.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қортынды***<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

1.
2.
3.

*«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы*

*Оқу қызмет түрі:* Қазақ тілі

***Өтпелі тақырып: «Менің отбасым» Апталық тақырып: «Менің отбасым, ата-аналар еңбегі»***

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Менің отбасым »** | |
| **Күні: 3.10.2023** | **Қазан** | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Отбасы туралы түсінік беру және отбасы мүшелері туралы ойын анық жеткізіп, әңгімелей білуге үйрету. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | отбасы мүшелерінің алатын орнын, оларды атауды біледі.<br>отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау қажеттігін түсінеді. | |
| **Тілдік мақсат:** | Отбасы - семья | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Сұрақ-жауап арқылы өткен ұоқ бекіту | |

**ҰОҚ өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **1.Шаттық шеңбер**<br>Үлкенге де сіз,<br>Кішіге де сіз,<br>Барша жанды құрметтеп<br>Бас иеміз біз.<br>**II.Миға шабул.**<br>**" Көңілді доп"**<br>- Отбасы мүшесін ата.<br>- Отбасында кімді жақсы көресің?<br>- Отбасында кімге сыйлық жасайсың? | |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.......минут | **III.Ой дамыту**<br>**Отбасы туралы түсінік беру.**<br>-Отбасы мүшелерін атау. ата, әже, әке, шеше, аға, әпке, іні, қарындас, сіңлі.<br>**Сұрақ-жауап.**<br>Сенің отбасың қандай?<br>Отбасында неше адам бар?<br>Олар кімдер? | Отбасы суреттері |

| | | |
|---|---|---|
| | *-Атаң мен әжең кім?*<br>*-Әкең қайда жұмыс істейді?*<br>*-Анаң қайда жұмыс істейді?*<br>*-Сен неше жастасың*<br>***Тіл ұстарту жаттығуы:***<br>*Та-та- ата,*<br>*Же-же- әже,*<br>*Ке-ке- әке,*<br>*На-на-ана,*<br>*Ке- ке- әпке*<br>*Ға – ға- аға*<br>*4. Сергіту сәті: Саусақ ойыны «Бармақтар отбасы» (караоке – қазақша балалар әні)*<br>***5. Дидактикалық ойын:***<br>***«Кім жоқ»***<br>*Шарты: отбасындағы мүшелердің атын атап, жасырынған отбасы мүшесін табу.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***6. Қорытынды.***<br>*Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |

upeeuf

*«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы*

*» **Оқу қызмет түрі:** Қазақ тілі*

***Өтпелі тақырып:** «Менің отбасым» **Апталық тақырып: «Менің көшем»***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | *Біз тұратын көше* | |
| ***Күні: 10.10.2023*** | ***Қазан*** | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Байланыстырып сөйлеу дағдыларын үйрету. Дұрыс анық сөйлеу қабілет терін дамыту.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Көліктер, бағдаршам туралы түсініктерді игереді.*<br>*Сұрақтарға жауап береді.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Бағдаршам – Светофор* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Өткен ұоқ алған білімдерін сұрақ-жауап арқылы бекіту.* | |
| ***ҰОҚ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбер***<br>*Біз қандаймыз,қандаймыз.*<br>*Шұғылалы таңдаймыз.*<br>*Күлімдеген күндейміз,*<br>*Ренжуді білмейміз.*<br>*Жыл мезгілін,апта күнін сұрау.* | *қуыршақ* |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Қызығушылықтрын ояту.***<br>***Тосын сәт.***<br>*Қуыршақ келеді.*<br>*Адасып кеткенін айтады.*<br>***Сұрақтар ілмегі.***<br>*- Ал, балалар сендер қай ауылда тұрасыңдар ?*<br>*Көшелеріңнің атын білесіңдер ме?*<br>***АКТ технологиясы.***<br>*«Мен тұратын көше» бейнетаспа қарау.*<br>***Ыстық орындық.***<br>*Сұрақтарға жауап береді.*<br>***Сергіту сәті.*** | *Бағдаршам, көліктер суреттері* |

| | | |
|---|---|---|
| | *Тепе-теңдік жолменен,*<br>*Арасында мен келем.*<br>*Бір, екі, үш, төрт,*<br>*Бір, екі, үш, төрт,*<br>*Мынау біздің мекен-жай.*<br>***Қорытынды.***<br>*Қуыршақ көшесінің есіне түскенін айтып,балалармен қоштасады.*<br>*Сұрақтар қою арқылы қорытынды жасау.*<br>*Кім адасып кетті?*<br>*Үйін қалай есіне түсірді?* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия*** *.........минут* | *Балаларды мадақтау* | |

*«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы*

***Оқу қызмет түрі:*** *Қазақ тілі*

***Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»*** ***Апталық тақырып: «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»***

<table>
<tr><td colspan="2">ҰОҚ тақырыбы:</td><td colspan="2">«Абайла, балақай!»</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні: 17.10.2023</td><td colspan="2">Қазан</td></tr>
<tr><td>ТОП:</td><td colspan="3">Ортаңғы</td></tr>
<tr><td>ҰОҚ-нің мақсаты:</td><td colspan="2">балаларға көшедегі қауіпсіздік туралы мультфильм көрсету.</td><td>Қатысқан балалар саны:</td></tr>
<tr><td>Күтілетін нәтиже:</td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td>Тілдік мақсат:</td><td colspan="3">Сөздік жұмыс: көше, жол, жүреді, бағдаршам</td></tr>
<tr><td>Өткен ҰОҚ-нен алған білім</td><td colspan="3">Өткен ұоқ қойылған сұрақтарға жауап бере алады.</td></tr>
<tr><td colspan="4"></td></tr>
<tr><td colspan="4">ҰОҚ өтілу барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td colspan="2">Жоспарланған іс-әрекет</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>II.Ұйымдастыру<br>3-5 минут</td><td colspan="2">I.Шаттық шеңбер<br>Қуанамын менде<br>Қуанасың сенде<br>Қуанайық достарым<br>Арайлап атқан күнге<br>II. Тосын сәт. Сауысқан хат әкеледі.<br>-Бұл хат кімнен деп ойлайсыңдар?<br>Бұл хатты Ернар мен Жанар деген балалар жазыпты.<br>Олар орманнан саңырауқұлақтар теруге барғысы келеді екен.<br>Алай да қандай неден сақтануға болатынын білмейді екен.<br>Сол себепті сендерден көмек сұрап хат жазыпты.<br>Көмектесеміз ба?.</td><td></td></tr>
<tr><td>ҰОҚ-нің ортасы<br>III. Тақырып бойынша жұмыс<br>.......минут</td><td colspan="2">Ой дамыту.<br>АҚТ технологиясымен жұмыс. Слайд көрсету.<br>Ернар мен Жанар балаларды қарсы алады.<br>III.Ой қозғау.<br>Сұрақ жауап<br>Балалар, орманда табиғат аясында қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек?<br>Қандай жәндіктерден абай болу керек?<br>-Осындай жағдайларды болдырмау үшін не істеу керек?</td><td>-</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | *-Тағы да қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек?*<br>***6. Сергіту сәті.***<br>*Саңырауқұлақ болайық,*<br>*Тізе бүгіп отырайық.*<br>*Жаңбыр жауса көтеріліп,*<br>*Өсіп-өсіп алайық.*<br>***4.Табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелері:***<br>*1.Қоқысты кез келген жерге тастама, арнайы қоқыс жәшігіне сал!*<br>*3. Табиғатта өзін-өзі ұстай білу ережесі*<br>*2.Ағаштарды кеспе, бұтағын сындырма! 3.Жануарларға зиян келтірме, қамқорлық жаса! 4.Құстарды өлтірме, ұя жасап қамқорлық көрсет! 5.Өсімдіктерді (шөптер, гүлдер) жұлма!* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***7.Қортынды.***<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Жұлдызшалар беру.* | |

*ucpou/-*

***«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Оқу қызмет түрі:*** *Қазақ тілі*

***Өтпелі тақырып:*** *«Менің отбасым»* ***Апталық тақырып:*** *«Менің көшем»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***Алтын күз*** | |
| ***Күні: 24.10.2023*** | ***Қазан*** | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Күз туралы білімдерін дамыту.*<br>*Күз туралы тақпақтар айта отырып баланың сөйлеу тілін дамыту.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Күз мезгілі туралы қойған сұрақтарға жауап бере біледі*<br>*Күз мезгілінің ерекшеліктерін педагогтың көмегімен айта біледі.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Күз – осень*<br>*Сары жапырақ - желтый лист*<br>*Сөздік жұмыс: Жапырақ, сары, түсіп жатыр.* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Ұоқ өтілген сұрақтарға біртіндеп жауап бере алады.* | |

***ҰОҚ өтілу барысы***

| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
|---|---|---|
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***I.Психологиялық сұрақтар..***<br>*Кімге күз ұнайды, кімге ұнамайды? Неліктен?* | |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***II. Ой қозғау.***<br>***Мнемокестемен жұмыс.***<br>***Күз туралы суреттер.***<br>*-Күзде күн қандай болады?*<br>*Жапырақтар неге түсіп жатыр?*<br>*Түстері қандай*<br>*-Адамдар қалай киінген?*<br>***Тіл ұстарту жаттығуы:***<br>*Ер-ер-ер Жемістерді тер* | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | *Сұраганын бер.*<br>*Ән-ән-ән Қамба толы дән*<br>*Әжем айтқан ән.*<br>***III.Ой дамыту.***<br>*Мнемокесте арқылы өлең жолдарын жаттау.*<br>***Қ.Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар»** Алтын, сары, қызыл, көк,*<br>*Алуан-алуан жапырақ,*<br>*Күзгі бақта күлімдеп.*<br>*Көз тартады жалбырап* | | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қортынды.Қим ойын:***<br>***Бақшада ма бақта ма?***<br>*Бақта дегенде тұрадымыз, бақша дегенде отырамыз*<br>*Балаларды мадақтау.* | | |

*«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы*
***Білім беру саласы:** «Қатынас» **Оқу қызмет түрі:** Қазақ тілі*
***Өтпелі тақырып:** «Денсаулық-зор байлық» **Апталық тақырып:** "Өзім туралы»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | *Мен кіммін?* | |
| ***Күні: 7.11.2023*** | ***Караша*** | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Өзі туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; өзін құрметтеуге және өзінің «мен өзім» деген дербестігін нығайту,өзін құрметтеуге тәрбиелеу.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Денсаулық, тазалық, сақтану туралы түсініктерді меңгереді.*<br>*Педагогтың көмегімен өз ойын айта алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Сөздік жұмыс: Шынығу, құлақ, көз, аяқ, дене мүшелер* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Педагогтың көмегімен өткен сабақтарды есіне түсіріп айта алады.* | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***1.Шаттық шеңбер***<br>***Е. Өтетілеуұлы***<br>*Бала,бала,баламыз*<br>*Бақшамызға барамыз*<br>*Күні бойы қызыққа*<br>*Батамыз да қаламыз*<br>*Біз баламыз шыныққан,*<br>*Денсаулығы мықты жан.* | |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***2. Акт. Суретпен жұмыс***<br>*Екі баланы салыстыру.*<br>***Дидактикалық ойын:** «Айырмашылығын тап»*<br>*Қайсысы саған ұқсайды.*<br>*Балалардың қайсысы жақсы деп ойлайсың?*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Бас, иық ,тізе, саусақ,*<br>*Бас , иық,тізе, саусақ,* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *(көрсету)*<br>*Саусақ,саусақ,саусақ.(сау сақпен сартылдату)*<br>*Бас, иық ,тізе, саусақ,*<br>*Бас , иық,тізе, саусақ,*<br>*Көз ,мұрын ,көз , мұрын,*<br>*Құлақ, ерін, құлақ, ерін,*<br>*(Жылдамдатып тез тез қайталау)*<br>***Ойын:**«Мен қандаймын?» жаттығуы.*<br>*-Егер сен ерте тұрғанда жыламай тұрсаң оң қолыңды көтер.*<br>*-Егер сен жылап тұрсаң сол қолыңды көтер.*<br>*-Егер сен өтірік айтпайтын болсаң оң қолыңды көтер.*<br>*-Егер саған балабақша ұнаса оң қолыңды көтер.*<br>*-Егер сен топтағы достарыңды ұнатсаң қол соқ.*<br>*Бәріміз доспыз десек тағы шапалақ.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қорытынды.***<br>*Анау бала, бетін Қараша Кір қожалақ қап-қара*<br>*Тырнағы өскен,шашы көптен*<br>*Алыпбатпы –ау масқара*<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

urosef

*«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет* ***циклограммасы***

***Оқу қызмет түрі:*** *Қазақ тілі*

***Өтпелі тақырып:*** *«Денсаулық-зор байлық»* ***Апталық тақырып:*** *«Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***«Жемістер жыры» Рза Қунақова*** | |
| ***Күні: 14.11.2023*** | ***Қараша*** | |
| ***ТОП:*** | | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Өлеңді тыңдай білуге, қайталап айтуға үйрету. Жемістерді (алма, өрік, қара өрік, шие) атау барысында балалардың сөздік қорын жетілдіру.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Дәрумендер олардың пайдасы туралы айта алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Дәрумен – витамин*<br>*Создік жұмыс: дәрумен, жеміс, көкөніс, пайдалы* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Өткен тақырыпты сқрақ –жауап арқылы бекіту.* | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***I. Шаттық шеңбер***<br>***Н.Жанаев***<br>*Табиғат біздің анамыз*<br>*Табиғатқа баламыз*<br>*Иіліп сәлем береміз*<br>*Біз әдепті баламыз*<br>***II.Қызығушылықты ояту***<br>***АҚТ технологиясы.***<br>***(теледидардан корсету)***<br>*Күз ханшайымы күз мезгілінде терген жемістерін алып келеді.* | |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Әңгімелеу.***<br>*Жемістер денсаулыққа пайдалы. Өйткені оның құраманыда дәрумендер көп. Жемістерді жеген кезде қолды жуып жеу керек.*<br>*Мен сендерге жемістер туралы өлең әкелдім.*<br>***«Жемістер жыры»***<br>*Нарттай қызыл алмам бар,*<br>*Мәз болады алғандар.*<br>*Жазда әдемі киінем,* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Тілді балдай үйірем.*<br>*Коктемде ерте гүлдеймін,*<br>*Кешігуді білмеймін.*<br>*Піспей тұрған кезімде,*<br>*«Менен аулақ жүр», - деймін*<br>*Уылжыған өрікпін,*<br>*Бау-бақшаға көрікпін.*<br>*Қара деген атым бар,*<br>*Менен де дәм татыңдар.*<br>*Дәрі орнына жүруге,*<br>*Кейде менің хақым бар.*<br>*Балаларға қайталатып айтқызу. Мағынасын түсіндіру.*<br>***4.Ғажайып сәт: Қызыл Телпек келеді:***<br>*-Сәлеметсіңдер ме,балалар? Менің орманда тұратын әжем ауырып қалыпты. Оған апара жатқан бәліштерімді қасқыр тартып алып, жеп қойды.Енді әжеме не апаратынымды білмей тұрмын, маған көмек керек.*<br>*Қызылтелпекке көмек.*<br>***Дидактикалық ойын:** «Жемістер мен көкөністерді ажырат» **Шарты:** Қоржынға салынған көкөністер мен жемістерді қолдарымен алып, аттарын атап, қатты, дәмді, тәтті, ащы-қышқыл екенін ажыратып атау.*<br>*Пішіндерін айту.*<br>*Алған жемістерді Қызыл телпектің себетіне салып беру.*<br>*Қызылтелпек рақмет айтып қоштасу.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қортынды***<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Балаларды мадақтау* | |

арсац

*«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы*

*Оқу қызмет түрі: Қазақ тілі*

*Өтпелі тақырып: «Денсаулық-зор байлық»* *Апталық тақырып: "Өзіңе және өзгелерге көмектес"*

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **Қуыршақты шомылдырайық»** | |
| **Күні: 21.11.2023** | **Қараша** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Балаларды қуыршақ пен ойнай отырып сөйлеуге, дене мүшелерін атауға үйрету. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Бір-біріне көмектесу, сыйластық туралы мағынаны түсінеді.<br>Ойын арқылы көмектесу сөзінің мағынасын түсінеді | |
| **Тілдік мақсат:** | Сөздік жұмыс: Көмек, түсіну, қиындық<br>Көмек - помощь | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Педагогтың көмегімен қойылған сұрақтарды жалғау арқылы өткен ұоқ өз ойын айта алады. | |

**ҰОҚ өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **I.Шаттық шеңбер:**<br>Қуан шаттан алақай,<br>Қуанатын күн келді.<br>Қуанасың сенде,<br>Қуанамын мен де,<br>Арайлап атқан күнге.<br>**II. Миға шабуыл.**<br>Өлең оқу<br>Анау бала, бетін қара<br>Кір қожалақ қап-қара<br>Тырнағы өскен, шашы көптен<br>Алынбапты –ау масқара<br>Бұл қандай бала?<br>**сұрақ-жауап.**<br>Тазалықтың дос не?<br>Атау. | |

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***III.Ғажайып сәт***<br>***Топқа қуыршақтың жылап келуі.***<br>*-Менімен ешкім ойнамайды*<br>*-Маған бәрі сенімен дос болмаймыз деп көп айтады*<br>*-Мен не істеуім керек?*<br>*-Маған көмектесіңдерші*<br>***4.Қуыршаққа көмек***<br>*Ыдысқа су құю*<br>*-Балалар, біз қандай суға жуынамыз?*<br>*Бір балаға судың жылылығын байқау тапсырылады.*<br>*Суымыз қандай екен?*<br>*-Қуыршақты жуындыру.*<br>***Жуын, жуын, жуынсақ,***<br>***Қандай жақсы қуыршақ!***<br>***Әйттегенде бөпешім,***<br>***Кірлеп кеткен екенсің.***<br>***Қазір аппақ боласың,***<br>***Қуанады анашың!***<br>*Орамал не үшін керек?*<br>*Балалардың көмегімен қуыршақты сүртіндіру.*<br>***Дидактикалық ойын:*** *«Киімнің сәйкесін тап»*<br>*Қуыршақты киіндіру.*<br>*Балалармен бірге.*<br>***Ойын: «Айна»***<br>***Шарты:*** *Айнадан өзінің қандай екенін көру, бағалау*<br>*Қуыршақты айнаға қарату, таңғалу.*<br>*Балаларға рақмет айту. Достарына шығарып салу.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қортынды.***<br>***Сұрақ-жауап***<br>***Таза баланың досы не екен?***<br>*Сабын,су,сүлгі,айна,тарақ,тіс пастасы,тіс щёткасы.*<br>*Сендеросы заттармен доссыңдар ма?*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

ирош/

**«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**Оқу қызмет түрі:** Қазақ тілі

**Өтпелі тақырып:** «Денсаулық-зор байлық» **Апталық тақырып:** «Біз күш-тіміз, ептіміз»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Шалқан» (орыс халық ертегісі)** Саусақ театры арқылы сахналау. | |
| **Күні: 28.11.2023** | **Қараша** | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарын қызығушылықтарын қалыптастыру. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Көмектесу, ептілік туралы ұғымдарды түсінеді.<br>Қойылған сұрақтарға педагогтың түсіндіруімен жауап бере алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Сөздік жұмыс:** күшті, кейіпкер, ертегі | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Сұрақ –жауап әдісі | |
| **ҰОҚ өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Ертеңгілік шеңбер<br>**«Сәлемдесу»**<br>Күлімде, күн күлімде,<br>Кешегіндей бүгінде,<br>Қанат қақсын көгершін.<br>**ІІ. Қызығушылықты ояту.**<br>Айгүл қуыршақтың келуі.<br>-Балалар менде сендер сияқты балабақшада болғым келеді.<br>Менімен дос боласыңдар ма?<br>-Сендер көп ертегі білесіңдер<br>-Ал,мен ешқандай ертегі білмеймін<br>Балалар Айгүлмен дос боламыз ба?<br>Ол осы топта қаласын ба? | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Ендеше Бәріміз бірге Шалқан ертегісін тамашалайық.* | |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***ІІІ. Ой дамыту.***<br>*Ертегі кейіпкерлерін саусақ театры арқылы көрсете отырып, түсіндіру.*<br>*Ертегі желісінен сұрақтар қоя отырып жауап алу.*<br>*-Ата не екті?*<br>*-Шалқан қалай өсті?*<br>*-Ата неге көмек сұрады?*<br>*-Көмекке кімдер келді?*<br>***Дидактикалық ойын:*** *«Кейіпкерлерді ата»*<br>*Айгүл қуыршақтың рақмет айтып топ балаларымен қалуы.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қортынды***<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

*«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы*

*Оқу қызмет түрі: Қазақ тілі*

*Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным!» Апталық тақырып: «Жайнай бер, Қазақ-станым!»*

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **Менің Қазақстаным** | |
| **Күні: 5.12.2023** | **Желтоқсан** | |
| **ТОП:** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Балаларға отан, Тәуелсіз Қазақстанымыз жайлы мағлумат беру.<br>Отанын,елін шексіз сүюге тәрбиелеу, еліміздің рәміздерін құрметтеуге баулу. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Отанымыздың Астанасын атай алады. Отан туралы түсіне біледі | |
| **Тілдік мақсат:** | Отан – Родина<br>Сөздік жұмыс: Отан, еліміз, қорғаймыз, міндетті | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Сұрақ-жауап арқылы өткен ұоқ жауап алу. | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Шаттық шеңбері.**<br>Мына аспан астында<br>Жақсы дос көп табылар<br>Мен де соның бірімін,<br>Сыйлығымды қабыл ал<br>Сұрақ-жауап. | |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.......минут | **II. Ой дамыту**<br>-Отан жайлы әңгіме жүргізу.<br>-Отан туралы түсінік беру.<br>Сұрақ-жауап.<br>-Балалар отбасы дегеніміз не?<br>-Неге отан отбасынан басталады?<br>**Сергіту сәті.**<br>Біз кішкентай баламыз<br>Өсіп-өніп толамыз<br>Күнге қарай талпынып | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Көкке қолды созамыз*<br>*Қанат қағып ұшамыз*<br>*Орнымызды табамыз*<br>***Педагог жетекшілігмен ойын:***<br>***« Мен жақсы көремін»****(отанды,табиғат-ты, ауылды, отбасымды, гүлді, балабақшамды т.б)*<br>***АҚТ пайдаланып астананы тамашалу.***<br>***III. Ой қозғау.***<br>***Өлең оқу. «Астанам»***<br>*Болашаққа бастаған,*<br>*Шарықтайды асқақ ән.*<br>*Елордасы Отанның,*<br>*Мақтанышым – Астанам.*<br>***Өлеңді қайталату*** | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*........минут* | *Қорытындылау.*<br>*Сұрақ жауап арқылы аяқтау*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

Ufor/

**«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**Білім беру саласы:** *«Қатынас»* **Оқу қызмет түрі:** *Қазақ тілі*

**Өтпелі тақырып:** *«Менің Қазақстаным!»* **Апталық тақырып:** *«Туған өлкем*

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | *Туған өлке* | |
| **Күні: 12.12.2023** | *Желтоқсан* | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | *Туған өлке туралы мәлімет беру. Туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту* | |
| **Күтілетін нәтиже:** | *Отан туралы , туған жер, рәміздер туралы түсініктерді біледі.*<br>*Педагогтың көмегімен сұрақтарға өз ойын айта алады.* | |
| **Тілдік мақсат:** | *Сөздік жұмыс: Тәуелсіз, мемлекет, рәміздер* | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | *Сұрақ-жауап әдіс-тәсілдер* | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>*0-2 минут*<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>*3-5 минут* | **Шаттық шеңбері.**<br>*Отандеген–атамекен*<br>*Отандеген–туғанжер,*<br>*Отан–ана,Отан-үлкен,*<br>*Қазақстан – туған жер!*<br>**ІІ.Қызығушылықты ояту.**<br>**АҚТ технологиясымен жұмыс.**<br>**Көгілдір экраннан саяхатшы шығады.** *Мен саяхат жетекшісімін*<br>*Мен сендердің туған жер , ауыл қала туралы не білетіндеріңді білгім келеді.*<br>*Мен осылай барлық жерде саяхат жасап балалардың білімін тексеремін.*<br>*Менің тапсырмамады орындайтын болсаңдар үш рет қол соғыңдар.*<br>*Тапсырмаларды топқа бөліп орындау. Түрлі түсті шарлар арқылы топқа болу.* | |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>*.......минут* | **ІІІ. Ой қозғау.**<br>**1-ші топ. тапсырма**<br>**Қызыл шар. Шарды жару**<br>*Педагог жетекшілігімен ойын: «Бұл қай мезгіл?»*<br>*Қыс мезгілінің көрінісін мнемокесте арқылы айту*<br>*Сөздік жұмыс жүргізу.*<br>**2-топ. тапсырма.**<br>**Жасыл шарды жару.**<br>*-Құрлымдалған ойын: «Кім жылдам?» Құрастыру* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Мақсаты: Әр түрлі жалаушалардың ішінен Қазақстан жалауын таба білу.*<br>***Сергіту сәті.***<br>***Бір қадам әдісі** арқылы Ту туралы тақпақты қайталайды.*<br>*Қуыршақ Айгерім балалармен қоштасады. Балалар, менің енді кетуім керек.Сендерге тағы да келіп тұрам ғой.*<br>*Келесі кездескенше сау болыңдар.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қорытынды.***<br>*Көздеріңді жұмып, терең дем алыңдар. Туған жеріміздің таза ауасының өн бойымызға қалай тарап жатқанын сезініңдер.*<br>*Бізге қонаққа кім келді?*<br>*Қандай ойын ойнатты?*<br>*Балаларды мадақтап, аяқтау* | |

ирау

*«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы*

***Білім беру саласы: «****Қатынас»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Қазақ тілі*

***Өтпелі тақырып:*** *«Менің Қазақстаным!»* ***Апталық тақырып:*** *«Астана-Отанымыздың жүрегі»*

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Астана-бас қалам»** | | |
| **Күні: 19.12.2023** | **Желтоқсан** | | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | *Астана туралы білімдерін қалыптастыру. Өз елінің рәміздеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.* | | |
| **Күтілетін нәтиже:** | *Астана туралы, ондағы ғимараттар , Бәйтерек туралы түсініктерді біледі.*<br>*Педагогтың көмегімен суретке өз ойын айтады.* | | |
| **Тілдік мақсат:** | *Сөздік жұмыс: Бәйтерек. ғимараттар, бас қала* | | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | *Сұрақ-жауап әдісі* | | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>*0-2 минут*<br>**II.Ұйымдастыру**<br>*3-5 минут* | **Шаттық шеңбер**<br>**Е. Өтетілеуұлының «Бала, бала, баламыз»өлеңі**<br>*Бала, бала, баламыз*<br>*Бала, бала, баламыз,*<br>*Бақшамызға барамыз.*<br>*Күні бойы қызыққа*<br>*Батамыз да қаламыз!* | | |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>*.......минут* | **Қызығушылықты ояту.**<br>**Өлең оқу. «Астанам»**<br>*Болашаққа бастаған,*<br>*Шарықтайды асқақ ән.*<br>*Елордасы Отанның,*<br>*Мақтанышым – Астанам.*<br>*Сұрақ –жауап*<br>*Өлең не туралы айтылған?*<br>*Өлеңнің ішінде қандай сөздер бар?*<br><br>**II. Ой дамыту.**<br>**Акт технологиясын** *пайдаланып Астананы , тамашалу.* | | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Астана жайлы мәлімет беру.***<br>*Сұрақ жауап*<br>*Педагог жетекшілігмен ойын:* ***«Кім тапқыр?»***<br>*-Бәйтерек қайда орналасқан?*<br>*-Астанаға немен барамыз?*<br>*-Астанада кімдер тұрады?*<br>*-Астанада күн қандай?* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қортынды***<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

*«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы*

***Оқу қызмет түрі:*** *Қазақ тілі*

***Өтпелі тақырып:*** *«Менің Қазақстаным!»* ***Апталық тақырып:*** *«Тәуелсіз Қазақстан – ел тірегі!»*

| | | | |
|---|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | | *Біздің Рәміздер* | |
| ***Күні: 26.12.2023*** | | *Желтоқсан* | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы*** | | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін кеңейту, берілген сұрақты тыңдау және оны түсіне білуді жетілдіру.* | | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Тәуелсіздік , рәміздер туралы түсініп, педагогтың көмегімен суретке қарап өз ойын жеткізе алады.* | | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Сөздік жұмыс: Ауыл, көрікті, мекен* | | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Сұрақ-жауап* | | |
| ***ҰОҚ өтілу барысы*** | | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбер***<br>*Біз ақылды баламыз,*<br>*Айтқан тілді аламыз.*<br>*Үлкенге де, кішіге*<br>*Сәлем беріп тұрамыз.* | | *ҚР-ның рәміздерінің бірі-тудың суреті* |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***ІІ. Ой қозғау.***<br>*- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*-Қыста күн қандай болады? Сендер қыста қандай киім киесіңдер?*<br>*Бүгінгі ауа райы қандай?*<br>***Ой дамыту.***<br>*Түсінік беру,бақылату.*<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Балалар назарын рәміздер суретіне аудару.*<br>*Әрқайсысын жеке-жеке таныстырып, қайталату.*<br>***Тосын сәт.***<br>*Осы кезде есік қағып, бөлмеге қуыршақ Әйгерім келеді. Балалармен амандасады.*<br>*-Балалар, бүгін қуыршақ Әйгерім келді.*<br>*Сендердің ойнағыларың келе ме?*<br>***Дидактикалық ойын:*** *«Тауып көр»* | | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Ауыл суреттері.*<br>*Сұрақ-жауап*<br>*-Суретте не көріп тұрсың?*<br>*-Балалар не істеп жүр?*<br>*-Қандай малдарды көріп тұрсыңдар?*<br>*Бала үні*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Тоскейден жел еседі,*<br>*Төбемнен бұлт көшеді,*<br>*Туған жерім мен үшін,*<br>*Көк майсасын төседі.*<br>*(қимылмен көрсету)*<br>***3 –топ тапсырма.***<br>***Көк шарды жару.***<br>*Ойлау қабілеттерін арттыру*<br>*Педагог жетекшілігімен ойын:*<br>*Туған жер туралы суретке әңгіме құрау.*<br>***4-топ тапсырма.***<br>***Сары шарды жару.***<br>***Туған жер туралы тақпақ***<br>*Өтебай Тұрманжанов*<br>*Көгінде күн нұрын төккен,*<br>*Жерінде гүл жұпар сепкен.*<br>*Неткен сұлу, неткен көркем!*<br>*Осы менің туған өлкем!*<br>***1.Сылдырмақ үні***<br>***Шеңберге жиналу.***<br>***Ой қозғау***<br>*-Туған жер деген не?*<br>*-Біздің туған жеріміз қандай?*<br>*Жақсы сөздер айтқанда шапалақтау.*<br>*Саяхатшы мадақтау, қоштасу.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия*** *.........минут* | *Балаларды мадақтау.*<br>*Смайлктер беру.* | |

*«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы*
***Білім беру саласы:*** *«Қатынас»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Қазақ тілі*
***Өтпелі тақырып:*** *«Табиғат әлемі »* ***Апталық тақырып:*** *«Айналамыздағы өсімдіктер»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***«Ғажайып қыс»*** | |
| ***Күні: 9.01.2024*** | ***Қаңтар*** | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Қыс мезгілі туралы түсінеді.*<br>*Қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын атай алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Сөздік жұмыс: гүлдер, өседі, күтім, қарау керек.* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Сұрақ -жауап* | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері. Табиғат ана. Н. Жанаев*** *Табиғат біздің анамыз,*<br>*Табиғатқа баламыз.*<br>*Иіліп сәлем береміз,*<br>*Біз әдепті баламыз.*<br>***II.Қызығушылықты ояту.***<br>***Педагог жетекшілігмен ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Қолымен қаламы жоқ,*<br>*Бірақ сурет салады* ***(Аяз)***<br>*Көлдің беті көк әйнек,*<br>*Сырғанауға тым әйбет.* ***(Мұз)***<br>*Аппақ етіп айналаны,*<br>*Ақ көбелек айналды;*<br>*Әбден қонып болған соң,*<br>*Жер әлемде жайланды.* ***(Қар)***<br>***Жұмбақтың шешуіне байланысты сұрақ –жауап, түсіндіру.*** | |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс*** | ***1.Ой қозғау. Мнемотехника әдісімен жұмыс.***<br>***Мнемо кесте қыс мезгілін сипаттау.***<br>*-Қазір қандай мезгіл?* | |

| | | |
|---|---|---|
| *…….минут* | *-Қыс мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады?*<br>*-Несімен ұнайды?*<br>*Қандай ойын түрлерін білесіңдер?*<br>***Сергіту сәті. «Қыс»***<br>*Сыртта боран зулайды,*<br>*Қарды үйіріп қуалап.*<br>*Әлсін - әлсін тыңдайды,*<br>*Терезеден сығалап*<br>***3.Ой дамыту.***<br>***Балаларды пішіндер бойынша топқа болу.***<br>***1-топ. Дөңгелек.***<br>*Аққала құрастыру*<br>***2-топ Үшбұрыш***<br>*Шырша құрастыру*<br>***3-Топ төртбұрыш***<br>*Құстарға жессауыт құрастыру.*<br>***Сылдырмақ***<br>*Балаларды шеңберге жинау*<br>*Сұрақ-жауап.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*………минут* | ***Қорытындылау: Балаларды мадақтау.*** | |

«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** «Қатынас» **Оқу қызмет түрі:** Қазақ тілі

**Өтпелі тақырып:** «Табиғат әлемі» **Апталық тақырып:** «Жануарлар әлемі»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Менің сүйікті жануарларым»** | |
| **Күні: 16.01.2024** | Қаңтар | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Үй жануарлары мен оның төлдерімен таныстыру. Атауға үйрету. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Үй жануарларының атын атай алады.<br>Олардың өмір сүру ортасы туралы, оларға кімдер қамқорлық жасайтыны туралы педагогтың көмегімен айта алады | |
| **Тілдік мақсат:** | Сөздік жұмыс: Жануар, орман, тіршілік, қыстық | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Сұрақ –жауап әдісі | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **І. Шаттық шеңбері.**<br>"Кел,балалар күлейік"<br>Ө.Тұрманжанов.<br>Кел,балалар күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек.<br>Көңілді болып жүрейік!<br>**ІІ. Қызығушылықтарын ояту**<br>**Педагог жетекшілігімен ойын: «Даусынан ажырат»**<br>**Мақсаты.** Жануарлардың дыбысы естіледі балалар қай жануар екен айтып алдарындағы суреттен көрсетеді . | |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.......минут | **2. Ой қозғау.**<br>**Суретпен жұмыс.**<br>-Суретте қандай жануарларды көріп тұрсыңдар?<br>-Неге оларды үй жануарлары деп атаймыз?<br>-Оларға кімдер қамқорлық жасайды?<br>- Үй жануарларының адамға тигізер пайдасы бар ма?<br>-Олардың төлдерін қалай атаймыз? | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Ой дамыту***<br>***Төлдерін атау.***<br>***-Түйе төлі-ботақан,***<br>*Мөлдіреп көзі ойнаған.*<br>***-Қойдың төлі-қошақан,***<br>*Өріске қашқан қорадан.*<br>***-Ешкінің төлі-лақ,***<br>*Тыныш тұрмайды ол бірақ.*<br>***-Жылқының төлі-құлыншақ,***<br>*Тұяғы жерге ұрыншақ.*<br>***-Сиырдың төлі-бұзау.***<br>*Сүйкімді әрі асау.*<br>***Құрылымдалған ойын:*** ***« Адасқан төлдер»***<br>***Мақсаты :*** *балаларға жануарлардың суреті тартылып беріледі. Ортаға төлдердің суреті қойылады.*<br>*Сылдырмақ үні*<br>*Шеңберге жиналу.*<br>***Ой бөлісу сәті***<br>*Балалар,біз бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметінде не туралы өттік?*<br>*Ал,үй жануарларына нелер жатады?* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қортынды***<br>*Балаларды мадақтау.* | |

*«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы*

***Білім беру саласы:** «Қатынас»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Қазақ тілі*

***Өтпелі тақырып:*** *«Табиғат әлемі »* ***Апталық тақырып:*** *«Құстар біздің досымыз»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***«Қыстап қалатын құстар»*** | |
| ***Күні: 23.01.2024*** | *Қаңтар* | |
| ***ТОП:*** | ***Ересек*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰОҚ-нің мақсаты:*** | *Балаларға қыстап қалатын құстар жайында түсінік беру. Олардың тіршілігі туралы ұғымдарын бекіту. Қыс мезгілі құстар тіршілігінің ауыр кезеңі екенін түсіндіру.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Құстар туралы түсінеді. Қыстап қалатын құстарды атай алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Сөздік жұмыс: Құс, қыстайды, қамқорлық, ұшады.* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Өткен ұоқ сұрақтарға жауап береді.* | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері.***<br>*«Сәлем дейміз бәріне»*<br>*Сәлем деймін достарға,*<br>*Сәлем деймін құстарға,*<br>*Сәлем деймін құрдасқа*<br>*Сәлем деймін ұстазға.*<br>***ІІ. Ой дамыту***<br>***Мнемотехника әдісі бойынша құстарға сипаттама беру.*** | |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***1. Құстар туралы түсінік беру.***<br>***ІІІ. Ғажайып сәт. Қызықты қорапша.*** *Қорапшадан әр түрлі қалташа шығу, әр қалташадағы тапсырманы орындау.*<br>*Қалташа арқылы балаларды топқа болу*<br>***1-топ Сары қалташа***<br>***Педагог жетекшілігмен ойын: «Кім тапқыр» Сұрақтар:***<br>*-Құстардың ортақ қасиетін ата. (қанаты, ұшады, шоқиды, тұмсығы)*<br>*-Құстардың бір –бірінен айырмашылығы неде? (әр түрлі дауыстайды)*<br>*- Құстардың қандай пайдасы бар?(ағаштарды зиянкестер-ден қорғайды.*<br>***2-топ қызыл қалташа***<br>***Қыстайтын құстарды ата?***<br>*Оларға қандай қамқорлық жасау керек?*<br>*-Неліктен оларға қыста тамақ тауып жеу қиын болады?* | *АКТ технологиясы*<br>*Құстар суреттер* |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Сергіту жаттығуы.***<br>*Орнымыздан тұрайық Қолымызды созайық,*<br>*Құсқа ұя жасайық*<br>*Алдына жем шашайық.*<br>*Орнымыздан тұрайық*<br>*Қане, қанат қағайық.*<br>***3- топ Жасыл қалташа***<br>***Құс туралы тыым сөз айт?***<br>*-Құстардың ұясын бұзба.*<br>*-Құсты атпа, өлтіруге болмайды.*<br>*-Құстың жұмыртқасын жарма.*<br>***Сылдырмақ үні .***<br>***Балаларды шеңберге шақыру.***<br>***«Құстарға қамқорлық» тақпақты бірге айту.***<br>*Жылы жаққа ұшпайтын,*<br>*Біздің жақта қыстайтын*<br>*Құстар жүрсе жуықта*<br>*Жем шашуды ұмытпа.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қортынды***<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

***«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы:** «Қатынас»* ***Оқу қызмет түрі:** Қазақ тілі*

***Өтпелі тақырып:** «Табиғат әлемі »* ***Апталық тақырып:** «Ғажайып қыс»*

| | | | |
|---|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | | ***«Сырғанақ»*** | |
| ***Күні: 30.01.2024*** | | *Қаңтар* | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы*** | | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| *ҰОҚ-нің мақсаты:* | *Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қыс мезгіліндегі ойын түрлерімен таныстыру. Өлең жолдарын оқи отырып, қандай ойын түрі суреттелгенін түсіндіру* | | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Қыс мезгілі туралы өз ойларын айта алады. Дара сөздерді жатқа айтады.*<br>*Педагогтың көмегімен суретке өз ойын айтуды біледі.* | | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Сөздік жұмыс: Қыс, аяз, қарлы боран, суық* | | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Сұрақ – жауап.* | | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері.***<br>*«Кел, балалар күлейік»*<br>*Ө.Тұрманжанов*<br>*Кел балалар күлейік,*<br>*Күлкіменен түлейік*<br>*Қабақ түйген не керек*<br>*Көңілді боп жүрейік* | |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***1. Ой дамыту.***<br>***Мнемотехника әдісімен жұмыс. Мнемо кесте арқылы қыс мезіліне сипаттама беру.***<br>*-Қыста ауа райы қандай болады?*<br>*-Қыста қалай киінеміз?*<br>*-Сұрақтарға жауап беру.*<br>***Сергіту сәті. «Қыс»***<br>*Сыртта боран зулайды,*<br>*Қарды үйіріп қуалап.*<br>*Әлсін - әлсін тыңдайды,*<br>*Терезеден сығалап* | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***2 Ой қозғау.***<br>***Жаңа ұоқ таныстыру.***<br>***Б.Жақып «Сырғанақ»***<br>***-Өлең жолдарын мәнерлеп оқу.***<br>***-Өлең мазмұнын ашу.***<br>*Біз тебеміз сырғанақ*<br>*Таудан төмен сырғанап*<br>*Бір шанада екеуміз*<br>*Құламайды екенбіз..............*<br>*3.Балаларды қар, мұз, аяз* ***атауларымен топқа бөлу.***<br>*Карандаштармен жұмыс.*<br>***1-қар тобы***<br>*Шананы бояу.*<br>***2-аяз тобы***<br>*Шаңғыны бояу*<br>***3-мұз тобы***<br>*Конькиді бояу* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | *Қорытындылау: сұрақ-жауап* *Балаларды мадақтау.* | |

«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

**Білім беру саласы:** «Қатынас» **Оқу қызмет түрі:** Қазақ тілі

**Өтпелі тақырып:** «Бізді қоршаған әлем» **Апталық тақырып:** «Ғажайыптар әлемі»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Көңілді қыс. Ш. Мұхамеджанов.Сенің өмірің – сиқырлы әлем кітабынан»** | |
| **Күні: 6.02.2024** | **Ақпан** | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| ҰОҚ-нің мақсаты: | Өлең жолдарын мәнерлеп оқи отырып, балаларға мағынасын түсіндіру. Қойылған сұрақтарға жауап бере білуге дағдыландыру | |
| Күтілетін нәтиже: | Қыс мезгілі туралы суретке қарап атауларын атай алады.<br>Педагогтың көмегімен суретке сөйлем құрауды біледі. | |
| **Тілдік мақсат:** | Сөздік жұмыс: қыс, мезгіл, суық, ойнайды, үлпа | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Сұрақ -жауап | |

**ҰОҚ өтілу барысы**

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **І. Шаттық шеңбері.**<br>**Х. Талғаров «Дос болайық бәріміз»**<br>Дос болайық, бәріміз,<br>Жарасып тұр әніміз.<br>Тыныштықты сақтаймыз,<br>Атсын күліп таңымыз.<br>**ІІ.Қызығушылықты ояту.**<br>Топқа шар ұшып келу.<br>Шарды бір-біріне беріп көңілді сөздер айту.<br>**П/Ж ойын: «Көңілді сөз»** | |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.......минут | **ІІІ.Ой қозғау**<br>Сұрақ – жауап.<br>Мнемо кестемен жұмыс.<br>Қыс мезгілі туралы түсіндіру.<br>-Қазір қандай мезгіл?<br>-Қыс мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады?<br>-Несімен ұнайды?<br>Қандай ойын түрлерін білесіңдер?<br>**Сергіту сәті. «Боран»** | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Сергіту сәті.***<br>*Боран соғар оң жақтан,*<br>*Боран соғар сол жақтан,*<br>*Қар лақтырып ойнасақ,*<br>*Су өтеді қолғаптан.*<br>***Ой дамыту.***<br>***Көңілді қыс.***<br>***Ш. Мұхамеджанов.***<br>*Өлең жолдарын мәнерлеп оқу мағынасын ашу.*<br>***Көңілді қыс.***<br>*Бір топ бала сырғанап,*<br>*Барады әне жарысып.*<br>*Қалды артта қар алап,*<br>*Іздерінен қар ұшып.*<br>*Сұрақ – жауап.*<br>*-Өлең жолдарында не туралы айтылған?*<br>*-Қыс мезгілін қалай суреттеген?*<br>***4.Құрылымдалған ойын:***<br>***«Кім жылдам?»***<br>*-Құрастыру, қысқы киімдер.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қортынды***<br>*Дид ойын: «Кім тапқыр?»*<br>*Жұмбақ жасыру.*<br>*Қолымен қаламы жоқ,*<br>*Бірақ сурет салады* ***(Аяз)***<br>*Көлдің беті көк әйнек,*<br>*Сырғанауға тым әйбет.* ***(Мұз)***<br>*Жұмбақтың шешуін сұрақтар қоя отырып, жауап ала отырып, ұоқ аяқтау* | |

***«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

**Білім беру саласы: «Қатынас»** **Оқу қызмет түрі:** Қазақ тілі

**Өтпелі тақырып:** «Бізді қоршаған әлем» **Апталық тақырып:** «Көліктер»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Көліктер»** | |
| **Күні: 13.02.2024** | **Ақпан** | |
| **ТОП:** | **Ересек** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰОҚ-нің мақсаты:** | Балаларға көліктер туралы білім беру. Атауларын дұрыс атауға үйрету | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Әр түрлі көлік түрлерінің, көлік бөліктерінің атауларын атай алады.<br>Көлік туралы сұрақтарға жауап береді | |
| Тілдік мақсат: | Сөздік жұмыс: Жүргізуші, көлік, ұшады, жер көлігі, әуе | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Сұрақ –жауап арқылы жауап алу. | |

**ҰОҚ өтілу барысы**

| *Жоспарланған уақыт* | *Жоспарланған іс-әрекет* | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Шаттық шеңбері.**<br>Біз ақылдымыз,<br>Қиындықтан қорықпаймыз.<br>Біз жаспыз,қандай әдеміміз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>**II.Қызығушылықты ояту.**<br>Көліктер туралы жұмбақтар жасыру.<br>Құс сияқты құс емес,<br>Жүрсе де тым биікте.<br>Қақпайды бір қанатын<br>Жүрсе де тым биікте (ұшақ)<br>-Арқасында ауыл жүр,<br>ала тайым шауып жүр. **(автобус)**<br>-Тізбектелген көк үйлер,<br>көшіп жүрген көп үйлер. **(поезд)**<br>Әр жұмбаққа түсінік беру. | |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.......минут | **2.Ой дамыту**<br>-Көлік дегеніміз не?<br>-Қандай түрлері бар екен?<br>-Жер көлігі, әуе көлігі, су көлігі, темір жол көлігі<br>-Ол адам үшін неге қажет? | |

| | | |
|---|---|---|
| | -Сендер балабақшаға қандай көлік түрімен келесіңдер?<br>-Автобуспен қайда баруға болады? Ол қандай көлік түріне жатады?<br>-Пойыздармен қайда баруға болады?<br>**3.Ой қозғау.**<br>**Құрлымдалған ойын: «Әр көлікті өз тұрағына орналастыр**<br>Машина-гараж, Кеме – айлақ, Поезд – депо, Ұшақ –аэрадромда тұрады»<br>**П/Ж ойын: «Поезд»** | |
| **IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия** ………минут | **Қортынды**<br>Сұрақ-жауап<br>Балаларды мадақтау. | |

**«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

***Білім беру саласы:*** *«Қатынас»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Қазақ тілі*

***Өтпелі тақырып:*** *«Бізді қоршаған әлем»* ***Апталық тақырып:*** *«Электроника әлемі»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***Электроника деген не?*** | |
| ***Күні: 20.02.2024*** | ***Ақпан*** | |
| *ТОП:* | *Ортаңғы* | *Қатысқан балалар саны:* |
| *ҰОҚ-нің мақсаты:* | *Балалардың үй тұрмысындағы заттарды, олардың қасиеттерін- қарапайым пішінін, көлемін танып атауға үйрету.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Ойын арқылы электротехникалық заттарды атауды біледі*<br>*Қолданылатын орнын, қауіпсіздік ережелерін түсінеді.* | |
| *Тілдік мақсат:* | *Сөздік жұмыс: қауіпсіздік, қолдану, электр көзі, тұрмыстық, техника*<br>***Билингвальды компонент:***<br>*тоңазытқыш-холодильник, тұрмыстық техника -бытовая техника,*<br>*электр бұйымдары-электро товары, шаңсорғыш-пылесос* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Сұрақ - жауап* | |

| ***ҰОҚ өтілу барысы*** | | |
|---|---|---|
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***І.Шаттық шеңбері.***<br>***«Кел,балалар күлейік»***<br>***Ө.Тұрманжанов.***<br>*Кел,балалар күлейік! Күлкіменен түлейік!*<br>*Қабақ түйген не керек. Көңілді болып жүрейік!*<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту.***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*1.Шаң-тозаңды сүймейді,*<br>*Тазалап оны жүр дейді.* ***(шаңсорғыш)***<br>*2.Бүкіл әлем ішіне сияр*<br>*Аты оның* ***...(теледидар)***<br>*3.Біздің үйде бір зат бар*<br>*Сақтайды онда тамақты.*<br>*Болсын мейлі күз бен жаз* | *Интерактивті тақта, үй жабдықтарының ойыншық түрлері, сурет карточкалары,* |

| | | |
|---|---|---|
| | *Іші оның қатты аяз.* ***(тоңазытқыш)***<br>***Сұрақ – жауап.*** | |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*15 минут* | ***1. Ой дамыту, түсінік беру.***<br>*Сулы қолмен токты қосуға немесе ажыратуға болмайды;*<br>*-Балаларға үлкендерсіз электр токтарын ұстауға болмайды;*<br>*-Ерексектерсіз тұрмыстық техникаларды қолдануға болмайды.*<br>*-Пеш қызып тұрғанда балалар қасына жақындауға болмайды.*<br>*-Кір жуатын машинаға қолды салуға болмайды.*<br>***2.Ой қозғау***<br>***Балаларды топқа болу.***<br>***Бірінші топ:*** *үтікті тоқ көзіне қосып орамалды үтіктеуіміз керек.*<br>***Екінші топ:*** *Қуыршақтың шашын шаш кептіргішпен кептіруіміз керек.*<br>***Үшінші топ:*** *Жиналған қоқысты шаңсорғышпен жинау керек*<br>***3. Миға шабуыл.***<br>*П/Ж ойын:* ***«Электротехника-лық тұрмыстық заттарды ажырат»***<br>***Ойынның шарты:*** *Көптеген ыдыс аяқтардың суреттері көрсетіледі. Балалар солардың ішінен эл.техникалық .заттарды табу керек.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*........минут* | ***Қортынды***<br>***Сұрақ-жауап.***<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

***«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы: «Қатынас»*** ***Оқу қызмет түрі:*** *Қазақ тілі*

***Өтпелі тақырып:*** *«Бізді қоршаған әлем»* ***Апталық тақырып: «Мамандықтыңбәрі жақсы»***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | *«Бұл мұғалім апай» әңгіме* | |
| *Күні: 27.02.2024* | *Ақпан* | |
| *ТОП:* | ***Ортаңғы*** | *Қатысқан балалар саны:* |
| *ҰОҚ-нің мақсаты:* | *Балаларға мұғалім мамандығы және оның қай жерде жұмыс жасайтыны туралы түсінік беру.*<br>*Әңгіменің мазмұнын түсіндіру.* | |
| *Күтілетін нәтиже:* | *Мамандық туралы, әр мамандықтың атауларын айта біледі.*<br>*Берілген ойындар арқылы* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Сөздік жұмыс:*** *Мамандық,кәсібі, еңбектену, жұмыс жасау т.б.* | |
| ***Өткен ҰОҚ-пен алған білім*** | *Сұрақ -жауап* | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***І.Психологиялық ахуал қалыптастыру.***<br>***Сын тұрғысынан сұрақтар:***<br>*3. Дәрігер балаларды оқытады? (жоқ, мұғалім оқытады?)*<br>*4. Мұғалім адамдарды емдейді? (жоқ, дәрігер емдейді)*<br>*5. Наубайшы нан пісіре ме? (иә)*<br>*6. Жүргізуші машина жүргізе ме? (иә)*<br>*7. Шаштараз шаш қимайды? (жоқ, қияды)*<br>*8.Егінші егін екпейді? (жоқ,егеді)*<br>*9. Кітапханашы кітап бере ме? (иә)*<br>*10.Аспаз киім тігеді (жоқ, тамақ даярлайды)*<br>*Балаларды мадақтау.* | |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***ІІ. Ой дамыту.***<br>*Суретпен жұмыс.*<br>*-Суретте кімді көріп тұрсыңдар?Мұғалім апайды*<br>*-Не істеп жатыр* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *-Мұғалім қайда жұмыс жасайды?*<br>*ІІІ.Ой қозғау. Өлең оқу*<br>*Оны бәрі сыйлайды,*<br>*Ақылын да тыңдайды.*<br>*Оқушылар құрметтеп,*<br>*Әнге қосып жырлайды.*<br>*Өлең кім туралы айтылған.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Кәне,кәне тұрайық*<br>*Үлкен шеңбер құрайық.*<br>*Тұрсақ енді шеңберге*<br>*Алақанды ұрайық*<br>***П/Ж ойын: «Мұғалім заттарын жина»*** | |
| ***IV. ҰОҚ-нің*** *қорытындысы.*<br>***Рефлексия***<br>*.........минут* | *Қортынды*<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

*«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы*

***Білім беру саласы:* *«Қатынас»* *Оқу қызмет түрі:* *Қазақ тілі***

***Өтпелі тақырып:* *«Салттар мен фольклор»* *Апталық тақырып:* *«Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***«Қуыршақ Айарудың камзолы»*** | |
| ***Күні: 5.03.2024*** | ***Наурыз*** | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| *ҰОҚ-нің мақсаты:* | *Ұлттық киім ерекшеліктерімен таныстыру. Балаларды әңгімелеуге үйрету*<br>*Қуыршақ, бізге қонаққа келді»(ойыншықты суреттеу арқылы әңгіме құрау)* | |
| *Күтілетін нәтиже:* | | |
| *Тілдік мақсат:* | *Сөздік жұмыс: наурыз, мейрам, мереке, тойлау, көрісу.* | |
| *Өткен ҰОҚ-нен алған білім* | *Сұрақ –жауап.* | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | |
| *Жоспарланған уақыт* | *Жоспарланған іс-әрекет* | *Ресурстар* |
| *I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату*<br>*0-2 минут*<br>***II. Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***1.Шаттық шеңбері***<br>*Армысыз, қайырлы Күн!*<br>*Армысыз, Аспан ата!*<br>*Армысыз, мейірімді Жер-Ана!*<br>*Армысыз, шұғылалы Алтын күн!*<br>***2.Тосын сәт***<br>*Ұлттық көйлек киген қуыршақтың қонаққа келуі.*<br>*Қуыршақпен сәлемдесу*<br>***Сұрақ-жауап***<br>*-Балалар,бұл қуыршақтың есімін сендер білесіңдерме?*<br>*-Олай болса,қуыршақтың өзінен сұрап көрейікші.*<br>*-Балалар, қуыршақ есімін айтқысы келмесе,онда бәріміз бірге оның есімін қояйық.*<br>*-Сұлушаш* | *ұлттық көйлек киген қуыршақ.* |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>*III. Тақырып бойынша жұмыс*<br>*......минут* | ***3. Ой қозғау.***<br>*-Сұлушаш сендерге ұнадыма? Несі ұнады?(шашы,көйлегі, сырғасы,бөркі,камзолы, үкісі).*<br>*-Сұлушаштың шашы қандай?(Қою қара шашты)*<br>*-Оның шашы ұзын,әдемі* | |



*-Ал Сулушашымыздың көйлегі қандай? (Бүрмелі,қазақтың ұлттық көйлегі*
*Сулушаштың бөркіне тоқталу.*
*-Бөрік киімнің қай түріне жатады?*
*-Бөріктің төбесінде үлпілдеп тұрған несі?*
*-Бөріктің төбесіндегі үкісі неден жасалады?*
*Үкі-орман құсы.*
*Үкінің-жүні үлпілдек.*
*-Енді бәріміз үкінің дыбысын салайықшы.*
***Сергіту жаттығуы:***
*Сөйлемейсің сен неге,*
*Тілің жоқ па, қуыршақ?*
*Жуынбайсың сен неге,*
*Кірің жоқ па,қуыршақ?*
*Аяғың бар ма,сен неге?*
*Жүре алмайсың,қуыршақ?*
*Жұмсағанда сен неге,*
*Тіл алмайсың, қуыршақ?*
*Біз күлгенде күлмейсің, Аңқаусың ба,қуыршақ?*
*Бізбен бірге жүрмейсің,*
*Жалқаусың ба,қуыршақ?*
***(Р.Тышқанбаев)***
***4. Ой дамыту.***
*Балалар қуыршаққа біз сыйлық жасаймыз ба.*
*Оған әдемі камзол жасап берейік*
***Балаларды топқа бөлу.***
***1-топ.*** *Камзолға ою жапсыру*
***2-топ.*** *Етікке ою жапсыру.*

| | | |
|---|---|---|
| | <br>*Сұрақ-жауап.*<br>*Камзолды, етікті немен әсемдедік*<br>*Түстері қандай?*<br>*Қуыршаққа сыйға береміз бе?*<br>*Рақмет балалар, мен бұл камзолды, аналар мейрамына және наурыз мейрамына киетін боламын.*<br>*Рақмеет сендерге*<br>*Сау болыңдар балалалр* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия*** *.........минут* | ***Қортынды***<br>***Сұрақ-жауап***<br>*Балаларды мадақтау.* | |

«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Қатынас» Оқу қызмет түрі: Қазақ тілі

Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор» Апталық тақырып: «Ертегілер елінде. Театр әлемі»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Қасқыр мен жеті лақ»** | |
| **Күні: 12.03.2024** | Наурыз | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | |
| ҰОҚ-нің мақсаты: | Балаларды ертегі тыңдауға және әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарына талдау жасауға үйрету. | |
| Күтілетін нәтиже: | Ертегілер туралы, ондағы кейіпкерлер туралы суретке қарап аттарын айта алады.<br>Ертегі желісін педагогтың көмегімен қайталап айтып береді. | |
| Тілдік мақсат: | **Сөздік жұмыс:**<br>Төлі, **маңырайды, лақ, жіңішке, ақдиды.,**<br>**қарақтарым, шырақтарым, пеш, ну орман.** | |

| ҰОҚ өтілу барысы | | Ресурстар |
|---|---|---|
| Өткен ҰОҚ-нен алған білім | Сұрақ –жауап. | |
| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Шаттық шеңбері.**<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Сәлеметсің бе, жер ана,<br>Сәлеметсің бе, көк аспан.<br>Сәлеметсіздер ме, балалар. | |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.......минут | **1.Ой қозғау.**<br>**Сұрақ -жауап**<br>Жеті лақ ертегісін түсіндіру.<br>-Ешкінің төлін не дейміз?<br>-Ол лақтарына не деп ескертті?<br>-Ешкі үйіне келгенде лақтары анасының келгенін қайдан біледі?<br>-Қасқыр үйге қалай кірді?<br>**2.Ой дамыту.**<br>**Ертегіні сахналау.**<br>-Балаларды рөлдерге бөлу. | |

| | | |
|---|---|---|
| | - *Бет перделер кигізу.*<br>*-Сөйлеу мәнерлерін қадағалау.*<br>*-Қимыл -қозғалыстарын дұрыс жасай білуді түсіндіру.*<br>***3.Миға шабуыл***<br>***П/Ж ойын: «Атын ата»*** *ертегіде кездескен кейіпкерлердің аттарын атау. Жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырата білу.*<br>*-Неге олай ойлайсың?* | |
| *IV. ҮОҚ-нің қорытындысы.*<br>*Рефлексия*<br>*.........минут* | *Қортынды*<br>*-Сендер үлкен адамдардың айтқанын қанағаттықты орындайсыңдар?*<br>*-Не үшін ?*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

**«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**Білім беру саласы: «Қатынас»** **Оқу қызмет түрі:** Қазақ тілі

**Өтпелі тақырып:** «Салттар мен фольклор» **Апталық тақырып: «Өнер көзі-халықта»**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | Әдемі қазақ үй | |
| **Күні: 19.03.2024** | **Наурыз** | |
| **ТОП:** | **Ересек** | Қатысқан балалар саны: |
| ҰОҚ-нің мақсаты: | Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен және тұрмыстық заттармен таныстыру. | |
| Күтілетін нәтиже: | Ұлттық өнер туралы түсінеді. Киіз үй бөліктерінің аттарын атай алады. Сұрақтарға педогогтың көмегімен толық жауап береді. | |
| Тілдік мақсат: | Сөздік жұмыс: Тартады, үні, өнер | |
| **Өткен ҰОҚ-нен алған білім** | Сұрақ -жауап | |
| | **ҰОҚ өтілу барысы** | |
| *Жоспарланған уақыт* | *Жоспарланған іс-әрекет* | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Шаттық шеңбер**<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Тәрбиелі баламыз,<br>Амандасып аламыз.<br>**Ой шақыру.**<br>–Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? (көктем)<br>-көктем мезгілінде табиғат қандай өзгерістерге ұшырайды?<br>Көктемде қандай мейрам болады?<br>Наурыз мерекесінде қандай мейрам болады?<br>Балалар олай болса киіз үйдің суретін<br>Тамашалайық. | АКТ ,слайд киіз , киіз үй құрлысы, желім қайшы,дайын киіз үй үлгісі |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.......минут | **АКТ технологиясы.** Слайд.<br>Киіз үйдің суретін көрсетіп, таныстыру.<br>**Ой дамыту.**<br>Неліктен «Киіз үй» деп аталатынын түсіндіру. Киіз үйдің бөліктерімен таныстыру.<br>**Сергіту сәті:**<br>Доңгеленіп тұрайық,<br>Керегені қарайық | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Уық болып иіліп,*<br>*Шаңыраққа киіліп,*<br>*Киіз үйді құрайық.*<br>***Тосын сәт.***<br>*Айсұлу қонаққа келеді.*<br>*Айсұлу:Балалар көктем болса келіп қалды,Наурыз мейрамы жақындап қалды. Маған киіз үй керек еді,киіз үй құрап беруге көмек сұрай келдім.*<br>*Балалар Айсұлуға көмектесеміз бе?*<br>***Үлгі көрсету,түсіндіру.***<br>*Балалар орындарына отырып киіз үйді құрастырып, ақ парақ бетіне жабыстырады.*<br>*Балалар өздерінің жапсырған суреттерін достарымен бағалайды.*<br>*Айсұлу балаларға көмектеріне көп рахмет айтып қоштасады.* | |
| *IV. ҮОҚ-нің қорытындысы.*<br>***Рефлексия***<br>*………минут* | *Қорытынды.*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

***«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы:** «Қатынас»* ***Оқу қызмет түрі:** Қазақ тілі*

***Өтпелі тақырып:** «Салттар мен фольклор»* ***Апталық тақырып:** «Нұр төккен,гүл көктем»*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰОҚ тақырыбы:*** | ***Шуақты көктем*** | |
| ***Күні: 26.03.2024*** | *Наурыз* | |
| *ТОП:* | *Ортаңғы* | *Қатысқан балалар саны:* |
| *ҰОҚ-нің мақсаты:* | *Көктем мезгілі туралы балаларға түсінік беру. Көктем мезгілінің табиғат құбылыс-тарын түсіндіру* | |
| *Күтілетін нәтиже:* | *Көктем мезгілі туралы және табиғаттағы ерекшеліктер жайында сурет арқылы айта алады.*<br>*Педагогтың қойған сұрақтарына дара сөздер арқылы жауап береді.* | |
| *Тілдік мақсат:* | *Сөздік жұмыс: ериді, бүршік, құстар ұшып, көктейді* | |
| *Өткен ҰОҚ-нен алған білім* | *Сұрақ-жауап.* | |

***ҰОҚ өтілу барысы***

| *Жоспарланған уақыт* | *Жоспарланған іс-әрекет* | ***Ресурстар*** |
|---|---|---|
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II. Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбер***<br>*Аспан ашық , көгілдір,*<br>*Күн шуағын төгіп тұр*<br>*Қол ұстасқан біздерді*<br>*Тереземенен көріп тұр.* | |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***АҚТ технологиясымен жұмыс. Аудио дыбыс.***<br>*Үнтаспадан құстардың сайраған дауысы, судың сылдырап аққан дауысы естіледі.*<br>*-Ненің дауысын естіп тұрсыңдар?*<br>*-Оны естігенде көз алдарыңа не елестейді.?*<br>***Ой қозғау.***<br>***Сұрақ – жауап***<br>*-Көктем мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады?*<br>*-Көктем мезгілі сендерге ұнай ма?*<br>*Қызығушылықты ояту. Өлең жолдарын оқып, түсіндіру.*<br>***Көктем өрнегі*** | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Е.Өтетілеу ұлы.***<br>*Қар еріді,су ақты,*<br>*Күндер кедлді шуақты.*<br>*Байтақ дала келбеті*<br>*Түкті кілем сияқты.*<br>***Бір қадам әдісі арқылы өлеңді жаттау.***<br>***П/Ж ойын: «Жақсы мен жаман»***<br>*Мақсаты:Жақсы қасиет болса қолдарын шапалақтайды, жаман қасиет болса тыныш отыру.*<br>*1) Кошет отырғызу.*<br>*2) Ағаштарды сындыру.*<br>*3) Құстарға жем шашу.*<br>*4) Құстың ұясын бұзу.*<br>*5) Ағаштарға су құю.*<br>*6) Гүлдерді жұлу.*<br>*7) Құстарға ұя жасау.*<br>*Балаларды мадақтау.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы.***<br>***Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қорытынды.***<br>*Балалар не туралы әңгімелестік?*<br>*Көктем мезгілінде қандай ерекшеліктер болады екен* | |

***«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***
***Білім беру саласы: «Қатынас» Оқу қызмет түрі:** Қазақ тілі*
***Өтпелі тақырып** «Біз еңбекқор баламыз» **Апталық тақырып: «Аялайық гүлдерді»***

| | | |
|---|---|---|
| *ҰОҚ тақырыбы:* | *«Өсімдіктер әлемі»* | |
| *Күні: 2.04.2024* | *Сәуір* | *Қатысқан балалар саны:* |
| *ТОП:* | | |
| *ҰОҚ-нің мақсаты:* | *Көктем мезгіліндегі өсімдіктердің тіршілігі туралы, орманда, бақшада, далада өсетін өсімдіктер туралы білімдерін қалыптастыру.* | |
| *Күтілетін нәтиже:* | *Топқа бөліну арқылы гүл аттарын біледі.*<br>*Педагогтың көмегімен сұрақтарға өз ойын айта алады.* | |
| *Тілдік мақсат:* | *Сөздік жұмыс:өседі, құлпырып, сабағы, гүлдейді.* | |
| ***Өткен ҰОҚ-нен алған білім*** | *Сұрақ –жауап.* | |
| | ***ҰОҚ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Амандасу:***<br>*Шеңбер болып тұрайық*<br>*Алақанды ашайық*<br>*Күннің нұрын шашайық*<br>*Таза ауаны жұтайық*<br>*Жүрекке жылу сыйлайық*<br>*Жиналған жылы шуақты*<br>*Бір-бірімізге шашайық*<br>***Қызығушылықтарын ояту***<br>***Жұмбақ жасыру***<br>*Қолы жоқ, аяғы жоқ- қозғалады, ауызы жоқ тыныс алады, қоректенеді,- бұл не болды?*<br>*Сұрақ- жауап жұмбақтың шешуіне байланысты.* | |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Ой қозғау:***<br>*Балалар өсімдіктер қайда өседі?*<br>*Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы қандай?*<br>*Өсімдік өсу үшін не керек?* | *АКТ, өсімдіктердің, ағаштардың, көктем мезгілінің суреттері*<br>***Әдіс-тәсілі:** әңгімелесу,* |

| | | |
|---|---|---|
| | *Өсімдіктер өсу үшін не істеуіміз керек?*<br>***Ой дамыту:*** *Суретпен жұмыс*<br>***Топтарға бөлінеміз:***<br>***1-Топ: Бөлме гүлі (*** *бөлме гүлдерін сүртіп, оларға күтім жасайды).*<br>***2-Топ: Дала гүлі.*** *(Гүлдерді отырғызады.)*<br>***3-Топ: Бақша гүлі*** .<br>***Дид ойын:*** *«Не қайда өседі?»Әр өсімдікті өз үйіне орналастыр*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Орнымыздан тұрайық, Гүлдерге су құйайық*<br>*Орнымыздан жылжиық,*<br>*Басқа гүлге құйайық*<br>*Миға шабул*<br>*Не? Өсімдік Қандай? әдемі, түрлі-түсті*<br>*Не істейді? Өседі, қоректенеді, көбейеді* | *көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап* |
| *IV. ҰОҚ-нің қорытындысы.*<br>***Рефлексия***<br>*.........минут* | *Сұрақ-жауап. Бас бармақ әдісі бойынша қорытындылау.*<br>*Жақсылықты қолдаймыз,*<br>*Табиғатты қорғаймыз*<br>*Тал егеміз бақтарға*<br>*Айналасын қоршаймыз* | |

**«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**Білім беру саласы: «Қатынас»** **Оқу қызмет түрі:** *Қазақ тілі*

**Өтпелі тақырып** *«Біз еңбекқор баламыз»* **Апталық тақырып:** *«Ас атасы - нан»*

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | *Қайдан келдің бауырсақ?* | |
| *Күні: 9.04.2024* | *Наурыз* | *Қатысқан балалар саны:* |
| *ТОП:* | *Ортаңғы* | |
| *ҰОҚ-нің мақсаты:* | *Балалардың нан туралы түсінік беру. Сурет бойынша ертегінің мазмұнын әңгімелеу.*<br>*Нанды қадірлеуге тәрбиелеу. Баланың сөйлеу мәнерін қалыптастыру* | |
| *Күтілетін нәтиже:* | *Еңбек туралы түсінеді. Суретке қарап атауларды атай алады.* | |
| *Тілдік мақсат:* | *Сөздік жұмыс: Наубайшы, егін, өсіру, бидай* | |
| *Өткен ҰОҚ-нен алған білім* | *Сұрақ-жауап* | |

| *ҰОҚ өтілу барысы* | | |
|---|---|---|
| *Жоспарланған уақыт* | *Жоспарланған іс-әрекет* | *Ресурстар* |
| *I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату*<br>*0-2 минут*<br>***II. Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбер***<br>*«Күннің нұры»*<br>*Ой қозғау.*<br>***Жұмбақ жасыру:***<br>*Ұзын мұртты сарылар,*<br>*Қойнында дәні бар. (Бидай)*<br>*Бидайдан не жасалады?*<br>***Ой қозғау.***<br>***Суретпен жұмыс***<br>*Адамдар қандай іс пен айналасып жатыр? трактор қандай жұмыс атқарып жатыр?*<br>*Жерді не үшін жыртып,тегістеді?*<br>*Егінді немен орамыз балалар.*<br>*Кімдер орады.*<br>*Бала: Егінші орады*<br>*Балаларды мадақтау.* | |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***Ғажайып сәт.***<br>*Қуыршақтың қонаққа келуі.*<br>*Амандасу*<br>*1. Қуыршаққа көмек*<br>*Нан туралы түсінік беру.*<br>*Нан неден шығады?* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Оған қандай еңбектер жасалады.*<br>*2. Қуыршақтың сұрағына жауап.*<br>***Ой дамыту***<br>*Ө. Тұрманжановтың «Қайдан келдің, бауырсақ?» өлеңімен таныстыру.*<br><br>*Өлеңде не туралы айтылды?*<br>*Бауырсақ қайда жатты?*<br>*Қуыршақ не деп сұрады?*<br>*Бауырсақ наубайға қайдан келді?*<br>*Диірменге ше?*<br>*Диқан бидайды қалай өсірді?*<br>*Балалардың жауабы. Нан түрлерімен таныстыру: (таба нан, бауырсақ, лапша, шелпек, жайма, тоқаш т.б)*<br>***Сергіту сәті:*** *Балалар бауырсақтың дастарқанға келу жолын қимыл арқылы көрсетеді.*<br>***Жерді жыртамыз, егінді себеміз,***<br>***Суарамыз, күтіп баптаймыз.***<br>***Бидай үлкен болып өседі,***<br>***Комбайнмен орамыз,***<br>***Машинамен қамбаға тасимыз,***<br>***Диірменде ұн етіп дайындайды.***<br>***Ұннан қамыр илеп, бауырсақ пісіреміз.***<br>***Дидактикалық ойын:*** *«Не жасырынғанын тап.»*<br>*Ойын шарты: балаларға ұннан пісірілген нан түрлерін көрсету.*<br>*Балалар көздерін жұмады, бір суретті алып қойылады. Балалар қай сурет жоқ екенін табуы керек.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Қорытынды:***<br>*Балалар, сонымен бауырсақ дастарқанға қалай келеді екен?*<br>*Бауырсақ дастарқанға келу үшін кімдер еңбек етеді екен?*<br>*Бауырсақтың қандай түрлері бар?*<br>*Үйде аналарың қандай бауырсақ пісіреді?* | |

**«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**Білім беру саласы: «Қатынас»** **Оқу қызмет түрі:** *Қазақ тілі*

**Өтпелі тақырып** *«Біз еңбекқор баламыз»* **Апталық тақырып:** *«Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»*

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | **«Ормандағы жәндіктер»** | |
| *Күні: 16.04.2024* | *Сәуір* | *Қатысқан балалар саны:* |
| *ТОП:* | *Ересек* | |
| *ҰОҚ-нің мақсаты:* | *Жәндіктер (қоңыз, көбелек, шыбын,құмырсқа) туралы түсінік беру. Топқа бөліп жұмыс жасау.* | |
| *Күтілетін нәтиже:* | *Жәндіктер атауларын атай алады.*<br>*Әр жәндікті суреттен көрсете алады.* | |
| *Тілдік мақсат:* | *Сөздік жұмыс:жәндіктер, қонады, ұшады, аралап, бал жинау.* | |
| *Өткен ҰОҚ-нен алған білім* | *Сұрақ -жауап* | |

| *ҰОҚ өтілу барысы* | | |
|---|---|---|
| *Жоспарланған уақыт* | *Жоспарланған іс-әрекет* | *Ресурстар* |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>*0-2 минут*<br>**II.Ұйымдастыру**<br>*3-5 минут* | **Шаттық шеңбер**<br>*Достар бірге жүреміз*<br>*Бірге ойнап күлеміз*<br>*Бірге балық аулаймыз*<br>*Міне біздер қандаймыз*<br>**Ғажайып сәт:**<br>*Балалар мен сендерді «Жәндіктер әлеміне» апарғым келеді.*<br>*(Слайдтағы экологиялық соқпақ сурет сілтемесіне назар аударамыз)* | *АКТ, жәндіктер суреттері*<br>**Әдіс-тәсілі:** *әңгімелесу, көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап* |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>*.......минут* | **Ой қозғау:** *Балалар мына суретте қандай жәндіктер бар?*<br>*Жәндіктердің бір ортақ белгісін тауып айтыңыздаршы?*<br>*Жәндіктер немен қоректенеді?*<br>*Көздерімізді жұмайық. (табиғатқа ұқсас әдемі әуен орындалады)*<br>*Міне орманға да келдік. Серігіп алайық бәріміз.*<br>**Дидактикалық жаттығу: «Гүлдерді жина»**<br>*(әуен қосылы тұрады. Балалар түстеріне қарай гүлдерді жинайды.)*<br>*Кенет дауыс естіліп, бұл кімдер шулап жүрген деді.*<br>**Балалар:** *Бұл біз балабақшада келдік*<br>**Сиқырлы дауыс:** *Неге шулап жүрсіңдер? Орманға тыныштық керек.*<br>**Тәрбиеші**: *Сиқырлы дауыс бізді бір жолға кешіріңізші.* | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Сиқырлы дауыс:*** *Екі тапсырмам бар.Орындасаңдар үйлеріне жіберемін*<br>***Жұмбақ жасыру:***<br>*Тыру-тыру тырналар*<br>*Тауға қарай жорғалар (аралар)*<br>*Қызыл көйлек кигені*<br>*Ұсақ қызыл түймелі*<br>*(қанқызы)*<br>*Гүл ұшып , гүлге қонады*<br>*Гүл бақшам гүлге қонады.*<br>*(көбелек)*<br>*Екі басы жұдырықтай,*<br>*Белі қылдырықтай*<br>*(Құмырсқа)*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Қане қанат жасайық*<br>*Көбелекке ұқайық*<br>*Көбелек боп ұшайық.*<br>*Ұшып-ұшып алайық*<br>*Гүлдерге ақырын қонайық*<br>***Дидактикалық ойын:***<br>***«Не өзгерді?»***<br>***Мақсаты:*** *Балалардың таным қабілеттерін арттыру.*<br>*Ормандағы сиқырлы дауыс иесімен қоштасу. Балалар тапсырмаларды орындап, балабақшаға келеді.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Сұрақ-жауап:***<br>*Балалар біз қайда барып келдік?*<br>*Онда біз не істедік?*<br>*Жұмбақтардың жауаптарын айтып беріңдерші?*<br>*Жұмбақтарды кім жасырды?*<br>*Ормаға барғанда не істеуге болмайды?*<br>*Қорытындылау. Балаларды бағалау.* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *3- Топ: Қопсытушылар*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Атамның алып күрегін*<br>*Бақшаны қопарып беремін*<br>*Әжеме мен құдықтан*<br>*Су әкеліп беремін*<br>*Бау-бақшаны күтемін*<br>*Арам шөпті жұламын*<br>*«Біз еңбекқор баламыз»*<br>*Мақсаты: Үлкендердің еңбегін бағалау*<br>*Балалар сендер өте еңбекқор бала екенсіңдер! Рахмет сендерге!* | |
| *IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия ………минут* | *ҰОҚ аяқтау. Балаларды мадақтау.* | |

**«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**
**Білім беру саласы: «**Қатынас» **Оқу қызмет түрі:** Қазақ тілі
**Өтпелі тақырып** «Біз еңбекқор баламыз» **Апталық тақырып:** «Еңбек бәрін жеңбек»

| | | |
|---|---|---|
| **ҰОҚ тақырыбы:** | «Жуа отырғызу» | |
| Күні: 23.04.2024ж | Сәуір | |
| ТОП: | | Қатысқан балалар саны: |
| ҰОҚ-нің мақсаты: | табиғат бұрышындағы өсімдіктерге қамқорлық жасауға, еңбек етуге тәрбиелеу | |
| Күтілетін нәтиже: | Еңбек туралы түсінеді. Еңбектену арқылы жеңіске жетуге болады деген ұғым қалыптасады. | |
| Тілдік мақсат: | Сөздік жұмыс: еңбек, шыңдайды | |
| Өткен ҰОҚ-нен алған білім | Сұрақ-жауап. | |

**ҰОҚ өтілу барысы**

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Шаттық шеңбері:**<br>Нұрланып күн тұрса,<br>Күллі әлем жайнайды<br>Жер беті құлпырса,<br>Бұлбұлдар сайрайды<br>**Сұрақ-жауап.**<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Көктем мезгілінде ауа-райы қандай болады? | |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.......минут | **Жұмбақ сыры:**<br>Ол өзі бірнеше қабат –қабат киінген<br>Немесе<br>Ұрмай-соқпай жылатады<br>Бұл не деп ойлайсыңдар?<br>**Слайд арқылы. Жуамен таныстыру**<br>**Саяхатқа шығу**<br>Балабақша ауласына саяхат. (Жуа отырғызу)<br>**Топтарға бөлінеміз**<br>1- топ: Жуа отырғызушылар<br>2-топ: Су құюшылар | өсімдіктің суреттері, слайд<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>әңгімелеу, түсіндіру, көрсету, ойын, сұрақ-жауап |

***«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы***

***Білім беру саласы: «Қатынас»*** ***Оқу қызмет түрі:*** *Қазақ тілі*

***Өтпелі тақырып:*** *«Әрқашан күн сөнбесін!»* ***Апталық тақырып:*** *«Достық-біздің тірегіміз»*

| | | |
|---|---|---|
| *ҰОҚ тақырыбы:* | ***Менің достарым.*** | |
| *Күні: 30.04.2024* | *Сәуір* | |
| *ТОП:* | | *Қатысқан балалар саны:* |
| *ҰОҚ-нің мақсаты:* | *[illegible] мейірімді болуға үйрету. Дамытушы ойындар арқылы әртүрлі тапсырмаларды орындай отырып сөздік қорларын молайту, ой-өрісін дамыту.* | |
| *Күтілетін нәтиже:* | *Достық, қарым-қатынас туралы түсініктерді меңгереді.*<br>*Суретке өз ойын жеке сөздер арқылы жеткізе алады.* | |
| *Тілдік мақсат:* | *Сөздік жұмыс: достасу, достық, бөлісу.* | |
| *Өткен ҰОҚ-пен алған білім* | *Сұрақ -жауап* | |

*ҰОҚ өтілу барысы*

| *Жоспарланған уақыт* | *Жоспарланған іс-әрекет* | ***Ресурстар*** |
|---|---|---|
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***І. Көңілді шеңбер. «Балдырған баламыз» Е.Өтетілеуов***<br>*Балдырған баламыз,*<br>*Досты көп табамыз*<br>*Қашан да, қайда да*<br>*Сенімді баламыз* | |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***І.1. Ой дамыту.***<br>*«Достық неден басталады, достыққа не жараасады?»*<br>*Достар қандай болу керек?*<br>*Мейірімді, ақылды, қамқор, бірлікте.*<br>*Ендеше соны іспен көрсетейік*<br>***І.2. Қызығушылықты ояту.***<br>***Балаларды топқа болу, дамытушы ойындар.***<br>***Достық үйін құрастыру.***<br>***1-топ Мейірімділік үйі.***<br>***М.Монтессори технологиясы бойынша үй құрастыру.***<br>*Сипаттама беру. Әр бала айту.* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Біздің үйіміз мейрімділік үйі деп<br>аталады.<br>Біз бір-бірімізге мейрімдіміз.<br>Біз достарымызды қиындыққа тастамаймыз<br>Мейрімділік үйі көңілді болады.<br>Дос деп ең жақын адамды айтамыз.*<br>**2 –топ. Ақылдылар үйі.**<br>*Дьенеш блоктары арқылы үй құрастыру.*<br>*Біз ақылды балалармыз<br>Бір-бірімізді ренжітпейміз<br>Бәрін ақылмен жасаймыз<br>Осы үйді де ақылмен, ойласып жасадық*<br>*3 – топ. Қамқоршылар үйі*<br>*Таяқшамен үй жасау. Сипаттама.<br>Біз қамқор балалармыз.<br>Достарымызға көмектесуге дайынбыз<br>Достарымызбен барлығын бөлісеміз<br>Достарымызға жақсылық жасаймыз<br>Сылдырмақ үні.* ***Шеңберге шақыру***<br>*Балалар достық әлемінде қандай* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*.........минут* | ***Бекіту кезеңі:*** *М. Жаманбалинов<br>.Дос болып біз жүрейік,<br>Ойнайық та күлейік.<br>Достық деген тамаша<br>Міне,тұрмыз жараса.*<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

**«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы**

**Білім беру саласы: «Қатынас»** **Оқу қызмет түрі:** Қазақ тілі

**Өтпелі тақырып:** «Әрқашан күн сөнбесін!» **Апталық тақырып:** «Отан қорғаушылыр»

| | | |
|---|---|---|
| ҰОҚ тақырыбы: | Біз Отанды қорғаймыз | |
| Күні: 14.05.2024 | Мамыр | |
| ТОП: | Ересек | Қатысқан балалар саны: |
| ҰОҚ-нің мақсаты: | Отан қорғаушылар туралы түсінік беру, сөйлеу мәнерін сақтауға, сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыруға үйрету.<br>[illegible] өлең жаттату. | |
| Күтілетін нәтиже: | Отан туралы оны қорғау жайында түсініктерді меңгереді.<br>Педагогтың көмегімен өз ойын айта алады. | |
| Тілдік мақсат: | Сөздік жұмыс: отан, туған жер, қорғаушы, батыр' | |
| Өткен ҰОҚ-пен алған білім | Сұрақ- жауап | |
| | ҰОҚ өтілу барысы | |
| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | Шаттық шеңбер<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты,<br>Жарқырайды даламыз,<br>Жарқырайды күніміз,<br>Қайырлы таң достар!<br>Ауа райы жылы, күн ашық.<br>**II.Қызығушылықты ояту. Өлең оқу.**<br>Отан-асыл анамыз,<br>Ана сүтін ақтаймыз,<br>Есейгенде ер болып,<br>Елді жаудан сақтаймыз.<br>Балалар бұл өлең жолдарында не жайында айтылған?<br>Балалар біз есейгенде, ер балаларымыз сияқты әскерге барамыз<br>Олар Отандық борышын өтеуге барады, олар отанымызды қорғайды.біздe солар сияқты боламыз. | |
| **ҰОҚ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>.......минут | **Ой қозғау**<br>Отан деген не?<br>Сенің Отаның қалай аталады?<br>Отанды қорғау деген не?<br>**Қимылды ойын**<br>**"Біз сарбазбыз"** | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Шарты:Балар үш шеңберге жасап тұрады.Әр шенбер өз тапсырмасын алады.*<br>***Бірінші шеңбер: "Ұшқыштар"***<br>***Екінші шеңбер: «Атты жауынгерлер»***<br>***Үшінші шеңбер: "Жаяу әскерлер"***<br>*Ұшқыштар қолдарын екі жаққа жайып өз шеңберін де*<br>*"Ұшқыштар ұшады" .Басқалары қарап тұрады.*<br>*Музыка ойнағанда "Жаяу әскерлер" адымдайды,*<br>*келесі музыкада "Атты жауынгерлер" шабады,олар ат шабысын салады.*<br>*Сұрақтар ілмегі*<br>*Отан қорғау үшін қандай болуымыз керек?*<br>*Ой дамыту*<br>*Батырлық туралы мақал-мәтелдер*<br>*-Батыр мың қол бастайды*<br>*Шешен тар жерден сөз бастайды*<br>*-Батыр туса ел ырысы*<br>*-Жаңбыр жауса жер ырысы*<br>*Есейгенде ер болып*<br>*Елді жаудан сақтаймын*<br>*Мағынасын түсіндіру.* | |
| *IV. ҮОҚ-нің қорытындысы.*<br>***Рефлексия***<br>*.........минут* | *Қортынды.*<br>***Жүректен-жүрекке шеңбері:***<br>*Отан бізді баласындай*<br>*Асырап бізді қорғайды*<br>*Біз Отанды сүйеміз,*<br>*Дос боп мәңгі жүреміз!* | |

## *«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы*

***Білім беру саласы:** «Қатынас»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Қазақ тілі*

***Өтпелі тақырып:** «Әрқашан күн сөнбесін!»* ***Апталық тақырып:** «Көңілді жаз»*

| | | |
|---|---|---|
| *УОҚ тақырыбы:* | *Ж.Молдағалиев, «Жаз», жаттау* | |
| *Күні: 21.05.2024* | *Мамыр* | |
| *ТОП:* | *Ортаңғы* | |
| *УОҚ мақсаты:* | *Жаз мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. Сөз қорын дамыту.*<br>*Жаз, ауыл, жайлау туралы түсіндіру.* | *Қатысқан балалар саны:* |
| *Күтілетін нәтиже:* | *Жаз мезгілі туралы түсінеді. Сурет арқылы айта алады.* | |
| *Тілдік мақсат:* | *Сөздік жұмыс: жаз, жайдарлы, көңілді* | |
| *Өткен УОҚ-нен алған білім* | *Сұрақ-жауап.* | |
| | *УОҚ өтілу барысы* | |
| *Жоспарланған уақыт* | *Жоспарланған іс-әрекет* | *Ресурстар* |
| *I. Дұрыс зерлі көңіл күй* ***орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | *Шаттық шеңбері. «Кел,балалар күлейік»* ***Ө.Тұрманжанов.***<br>*Кел,балалар күлейік!*<br>*Күлкіменен түлейік!*<br>*Қабақ түйген не керек.*<br>*Көңілді болып жүрейік!*<br>***II.Қызығушылықты ояту.***<br>***Бұл қай кезде болады?***<br>***Жұмбақ жасыру***<br>*-Қойны толы жеміске,*<br>*Көкмайсалыеңіске.*<br>*Көбелекқуыпойнайтын,*<br>*Қаймезгілдепойлайсың****? (жаз)***<br>*-Сұрақ –жауап.*<br>*- -Жазмезгілінде неше ай бар? Атау.?*<br>*-Қандай ерекшеліктер болады?*<br>*-Ауыл деген не?* | |

| | | |
|---|---|---|
| *ҰОҚ-нің ортасы*<br>*III. Тақырып бойынша жұмыс*<br>*.......минут* | ***1. Ой қозғау.***<br>*Суретпен жұмыс.*<br>*-Суретке сөйлем құрау.*<br>***1.2. Ой дамыту.***<br>*Қ. Әбдилдина. «Ауылда»*<br>***Ауылда.***<br>*«Ауыл деген не?» десем*<br>*Ата - әжем екен ғой,*<br>*Ата-әжем тұрған соң,*<br>*Ата – атамекен ғой*<br>*Мейірім де ауыл да,*<br>*Пейілің де ауылда.*<br>*Жанға дауа ауасы,*<br>*Сейілің де ауылда.*<br>*Өлең жолдарын оқып түсіндіру.*<br>*Сұрақ – жауап.*<br><br>***3. Жаң ұоқ бекіту. «Жаз»***<br>*-Өлең жолдарының мағынасын түсіндіру, жаттау.* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*........минут* | ***Қортынды***<br>*Мнемотехника тәсілімен*<br>*Жаз мезгіліне сипаттама беру.*<br>*Балаларды мадақтау* | |

*«Лучики» ортаңғы орыс топ бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет* ***циклограммасы***

***Білім беру саласы:*** *«Қатынас»* ***Оқу қызмет түрі:*** *Қазақ тілі*

*Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін!» Апталық тақырып: «Мен жасай аламын»*

| | | |
|---|---|---|
| *ҰОҚ тақырыбы:* | *Мен табиғатты бақылай аламын* | |
| *Күні: 28.05.2024* | *Мамыр* | |
| *Топ:* | *Ортаңғы* | *Қатысқан балалар саны:* |
| [illegible] | [illegible] *жануарлардың дауыстарын естиді* [illegible] *Табиғатқа қамқор болуға баулу.* | |
| *Күтілетін нәтиже:* | *Өз ойларын педагогтың көмегімен айта алады.*<br>*Сұрақтарға жауап береді.* | |
| *Тілдік мақсат:* | *Сөздік жұмыс: денсаулық, тазалық* | |
| *Өткен ҰОҚ-пен алған білім* | *Сұрақ –жауап* | |
| | *ҰОҚ өтілу барысы* | |
| *Жоспарланған уақыт* | *Жоспарланған іс-әрекет* | *Ресурстар* |
| *I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату*<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>***3-5 минут*** | *I.Шаттық шеңбер:*<br>*Армысың, шапағатты,*<br>*Күн ана*<br>*Армысың қайырымды,*<br>*Аспан ана*<br>*Армысың мейірімді, Жер ана*<br>*Армысың менің достарым.*<br>***II.Қызығушылықтарын ояту.*** *Айгүл келеді.*<br>*Табиғат құбылыстары туралы білгісі келетінін айтады.* | |
| ***ҰОҚ-нің ортасы***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*.......минут* | ***III.Ой қозғау.***<br>*Балалардан адамдардың табиғатты бақылауы не үшін қажет екендігі туралы ойланып жауап берулерін өтіну.*<br>*Күн неге жарқырайды?*<br>*Кемпірқосақ қай мезгілде пайда болады?*<br>*Өсімдіктің тіршілігі үшін не қажет?*<br>***Ой дамыту***<br>*Табиғат туралы түсінік беру.(жер,су,ауа,өсімдіктер,құстар,жануарлар т.б.)*<br>*-Тірі және өлі табиғат туралы түсіндіру.* | ***АКТ, қуыршақ*** |

| | | |
|---|---|---|
| | ***АКТ** технологиясы*<br>*Табиғат құбылыстары туралы Видео ролик көрсету.*<br>*Сурет бойынша әңгіме құрастыру.Слайд. Көрсету.*<br><br>*Көрген суреттеріне әңгіме құрау. Мыс: Мен торғайларға ұя жасаймын.* [illegible] *Біз табиғатты қорғаймыз.*<br>*Сергіту сәті:*<br>*Тербеледі ағаштар,*<br>*Алдынан жел еседі.*<br>*Кіп-кішкентай ағаштар,*<br>*Үп-үлкен болып өседі.*<br>*Дид айын: «Шатастырма»*<br>*1. Көктемде қар жауады.*<br>*2. Қазір жаз мезгілі?*<br>*3. Көктемде қар ериді?*<br>*4Қыста жапырақтар сарғаяды?*<br>*5. Жыл мезгілдері: қыс, көктем,жаз,күз.*<br>***6.Жаз ең суық жыл мезгілі?***<br>*7.Қыста құстар жылы жаққа ұшып кетеді?*<br>*8.Жазда балалар оқиды?*<br>*Балаларды мадақтау* | |
| ***IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*........минут* | ***Қорытынды.***<br>*Айгүл балаларға рахмет айтып қоштасады.*<br>*Балаларды мадақтау.* | |